«Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асырылды. «Қазақстан Республикасының білім беру туралы» Заңын іске асыруды, оның ішінде мектеп жасындағы балаларды толық біліммен қамтылуын және «Мектепке жол» акциясын өткізу мен ұйымдастыру жөніндегі бұйрық бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету, қолұшын беру. Мұғалімдер мен ата-аналар атынан көмек көрсетуге аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар анықталып, осы анықталған оқушыларға **«Менің таңдауым - Балаларға көмек көрсету!»** атты ұранымен айлық барысында демеушілер «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының өткізілуіне кеңінен араласуды ұйымдастырды (ата – анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы, көпбалалы отбасылар, сол сияқты жетім және жартылай жетім балалар). Мектепке барар кезінде демеу жасау, киім-кешек, аяқ-киім, оқу - құралдары, мектеп формасы, маусымдық киімдер, оқулықтар және т.б. заттардың жоқтығынан мектепке келмей қалудың алдын-алу акцияның ең басты мақсаты болып табылды. Ауылымыздың демеушісі «Бірлік» ЖШСнің директоры Қыстаубаев Алмас Әбдіжаппарұлы мектеп оқушыларына мектеп формаларымен мектеп құрал жабдықтарын алып берді. Жетім, жартылай жетім, көпбалалы, тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға демеушілік көрсетті. Жалпыға бірдей білім қорынан ата – анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы, жетім, көпбалалы отбасы балаларын қыстық киімдер және оқу құралы сөмкесімен берілді. Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрлігі Қазақстан оқушылары мен олардың ата-аналарына тегін консультациялық көмек көрсету бойынша «Bala Qorgau» веб-сайты іске қосылды. Мектептің кіреберісіне ілінді. Бұл сайт арқылы тақташада QR сканерлеу арқылы кіре отырып, мектепте, үйде және көшеде қиындықтарға тап болған мектеп оқушыларына және олардың ата-аналарына көмектесуге

арналған. Сайтта олар проблемалық жағдайларды шешу бойынша кеңестермен таныса алады. Сондай-ақ, нысанды толтыру арқылы балалар қажет болған жағдайда олармен байланысатын мамандардан жеке кеңес алуға өтініш бере алады. Кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, үзіліс кезінде «15 минуттық» кітап оқу мектепте ұйымдастырылып, өз нәтижесін көрсетуде. Фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына байланысты мектепте оқушылар арасында «Кел, балалар оқылық!» байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың кезеңдері бойынша оқушылар Ы.Алтынсариннің өлеңдерінен, әңгімелерінен үзінділер айтты. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында презентация байқауын ұйымдастырылды. «100 ән, 100 күй, 100 кітап» жобасын іске асыру мақсатында «Біз оқитын 30 кітап» жобасы мектепте жүзеге асырылуда. Қазақтың аса көрнекті ағартушысы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 180 жыл толуына орай «Қазақтың дала жұлдызы» тақырыбында кітапханада кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Қазақ зиялыларының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің әдеби және педагогикалық мұраларын заман талабына сай, оқу-тәрбие процесінде қалай тиімді қолдануға болатынын жан-жақты қарастыру, талдау. Ыбырай Алтынсарин шығармашылығымен таныстыру. Сонымен қатар, оқушылар аудандық, облыстық «Ілияс оқулары», «Әбіш Кекілбаев оқулары», «Мұқағали оқулары», «Абай оқулары», «Қадыр оқулары» оқуларына қатысып жүлделі орындарға ие болды. Жамбыл Жабаевтың туған күніне арналған іс-шаралар жүзеге асырылды. Жамбыл Жабаевтың туралы көрме ұйымдастырылды. Көрмеге кітаптар, оқушылардың жазған шығармалары және Ж.Жабаевтың өлеңдерінің мазмұнына салынған суреттер қойылды. 5-7 сыныптар арасында «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбында өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өтті. Бұл шаралар сайыс түрінде өтті. 8-10 сыныптар арасында Жамбылдың өмірі және шығармашылығын насихаттау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, «Жамбыл-жыр алыбы» атты презентациялары қорғалды. Айтыскер ақынның айтысынан үзінділерді ұсынды. Жамбыл мен Айкүмістің, Жамбыл мен Құлмамбеттің, Жамбыл мен Досмағамбеттің айтыстарына үзінділер қойды. Мақсаты оқушылардың Жамбыл шығармашылығын түсіну, Жамбылдың импровизатор, айтыскер ақын, халқына адал, шыншылдықты сүйетін, адалдық, адамдық қасиеттерді қолдайтын ақын екеніне көз жеткізу. «Мәңгілік Елдің Ұлы мұраттары келер ұрпаққа өнеге» тақырыбында қысқы каникул күндерінде ұмыт болып бара жатқан ұлттық дәстүрлерден интеллектуалды сайыстар ұйымдастырылды. Мектепте 1-наурыз Ризашылық күні байланысты «Алғыс айту-игілік сыйлау» атты тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасынан ашық хаттар жазылып, тілек бұрыштарына ұстаздарға арналған оқушылардың бейне жолдаулар мен мағыналы бейнежазбалар жолданды. Ризашылық күні ашық сынып сағаттар өтіп, бір қатар тәрбиелік

жұмыстармен толыға түсті. Бұл Тұңғыш Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні болғандықтан мектептердегі түрлі этнос өкілдерінің арасында ұйымдастырылған татулықты ту еткен маңызды жұмыстардың арқасында бүгінде адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

III бағыт. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған жобалар іске асырылатын болады. Қазан айы 1 қазан қарттар күніне орай, оқушыларға рухани –адамгершілік тәрбие беру мақсатында «Қарты бардың қазынасы бар» атты қарттар күніне арнап «Жас Ұлан», «Өзін – өзі басқару» ұйымдары ауыл қарттарын, зейнеткер ұстаздарды құттықтап сыйлықтар табысталды. «Жас Ұлан» ұйымның белсенділері өз көмектерін көрсетті. Қазан айының 5-ші жұлдызында ұйымдастырылған «Ұлылықтың ұйытқысы ұстаз»атты тақырыпқа арналған қазан айының бірінші аптасы ұлық қызмет иелері мұғалімдеріміздің кәсіби мерекесі өтті. Мереке қарсаңында іс-шаралар өтіп, шәкірттері ардақты ұстаздарын құттықтап салтанатты кеш жасап, өз өнерлерін көрсетті. «Ұлағатты –ұстазым» атты сынып сағаттары өткізіліп, «Ұстаздарға мың алғыс» тақырыбында мектеп оқушылардың ұйымдастыруымен бейнероликтер жасалынды.

https://www.instagram.com/p/CEeahF7NVz8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CKTg7vJlNEk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CF1LzxklAyT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CF45BeeFpTK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CF464DJF559/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/tv/CF5OSQwIacW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CF5QzIslCw9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CF5TL_TFo77/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Ғасырдың дара перзенті - Д.А.Қонаев-110 жаста» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мемлекет басшысының 02.03.2021 ж. №21-70-11.11-2 қарары бойынша тұжырымдамалық тәсілдер әзірленген болатын. Сол

тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, іс -шара жоспары құрылып бекітілді. Бұл мерекені атап өтудің негізгі мақсаты Қазақстандағы бейбітшілік пен келісімді нығайту, азаматтарды елдің жасампаз дамуының ортақ міндеті айналасына топтастыру, ортақ мәдени-рухани құндылықтар мен жалпыұлттық сананы қалыптастыру болып табылады. Іс-шараларға Наурыз тату көршілік,тазалық пен экология,мейірімділік пен қайырымдылық, салт-дәстүр негізінде іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ наурыздың 9-нан 19-на дейін жалғасын тапты. 09.03 күні 9-11 оқушылары сынып жетекшілерімен және «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен «Үлкенге құрмет» қайырымдылық акциялар өткізілді. 10.03 күні 1-4 сыныптар арасында «Наурыз қоржын» сыйлықтар тарату күні болды. Мұнда оқушылар бір –біріне , мұғалімдерге өз қолынан жасаған сыйлықтарын тарту етті. Мектептерде 5-8 сыныптардың арасында «Батаменен ел көгерер...» сайысы өткізілді. Ата-бабаларымыздың кеңпейіл,тілегі,ниеті түзу,қолы ашық екенін осы баталар сөзінен аңғаруға болады. 1-11 сыныптар «Нұр себеле,Ұлыстың ұлы күні» атты сынып сағаттары өткізді. Әр сыныптың сабағы жас ерекшеліктеріне сай,мазмұнды өтті. Сабақтарда салт-дәстүрдің, жөн-жоралғының түрін атап қана қоймай олардың қандай мақсатта өтетініне кеңінен тоқталды. «1 наурыз - Алғыс айту күні» Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған. «Алғыс айту күні» күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні. Мектепте «1 наурыз - Алғыс айту күні» арналған «Бейбітшілік-ел тілегі» атты фестиваль ұйымдастырылды. Іс – шараның мақсаты: 1- мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Барлық сынып оқушылары «Ынтымағы жарасқан туған өлкем Қазақстан!» тақырыбы бойынша әр ұлттың салт-дәстүрін және тілі мен мәдениеті жайлы бейнероликтер көрсетіп, қорғады. Сондай-ақ сол ұлттардың тілінде құттықтауларын тарту етіп, лебіздерін білдірді және де әндерінен жыр шашып, билерін нақышына келтіріп, көрерменнің көңілін көтерді.«7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне» арналған мектептерде «Жігіт сұлтаны - 2022» байқауын өткізілді. Шараның мақсаты: 7-мамыр ұландар күніне орай сыныптағы ұлдар арасында сайыс өткізе отырып, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жігітті анықтау «Отан қорғаушы күні» және «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне» орай сынып сағаттары өткізілді . Бұл іс-шаралар оқушылардың бойына Ұлы Отан соғысы кезінде кеуделерін оққа төсеп, фашист басқыншылықтарына қарсы шайқасқан майдангерлер мен тыл ардагерлеріміздің ерліктерін жастарға үлгі тұту, оқушыларды отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеу, аға ұрпақтың ерлік жолдарына деген мақтаныш сезімдерін ояту мақсатында «Ешкімде, ешқашан да ұмытылмайды!» тақырыбында «Ерлік» сағаттары өткізілді. Сондай-ақ оқушылар арасында өз аталарының ерліктерімен таныстыра отырып, бейнероликтер әзірленді. Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған өлең шумақтарынан үзінділер оқылып, суретшілер байқауы ұйымдастырылды. Ұсынылған бейнероликтерге әскери – патриоттық тақырыптағы деректі және көркем фильмдерде кіріктіріліп

жасалды. Оқушыларымызға бұл жеңістің оңайлықпен келмегені, соғыс кезіндегі ата-апаларымыздың бастарынан өткен қиыншылықтарының маңыздылығы кеңінен насихатталды. «Ерлік» сағатына 1-11 сынып оқушылары, яғни мектеп бойынша барлық оқушылар қамтылды. Өткізілген іс-шаралар «Instagram», «Facebook» әлеуметтік желілерінің мектеп парақшасына орналастырылды.

https://www.instagram.com/tv/CYoKeM8hPKW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CYoKeM8hPKW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==https://www.instagram.com/tv/CYoKeM8hPKW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CajU4rOgX2G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CajVSY7gHfb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CajUhKcg3-7/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CaYvepqNCRd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Ca88z4kAvLG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CdZ8FynD4x6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CdZ9uGFDNIM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

ІҮ бағыт. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. Отбасы күніне орай мектептерде «Отбасы-бақыт мекені» атты апталықтың іс шаралар жоспары жасалып, жүзеге асырылды. «Отбасым менің байлығым», «Менің отбасым» тақырыбында байқаулар ұйымдастырып, презентация, бейнероликтер дайындады. Отбасында махаббат пен ықылас жарасым тапқанда ғана отбасы рухы асқақтап биіктерден көрінеді. Фотосуреттер мен бейнероликтерден ата-анасы мен ата-әжесінің мейіріне бөленген бақытты балалардың қуанышты жүздерін көруге болады. Мектепте «Берік отбасы есірткіден алыс!» акциясы өтті. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында отбасындағы жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу үшін баяндама сыныптаға ата аналар жиналыстарында «Жасөспірімдердің құқығы» тақырыбында баяндама оқылып, талқыланды. Мектеп психологы «Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас» психологиялық тренингін ұйымдастырып, «Өзара қарым-қатынас жасау мәдениеті» тақырыбында on-line режимде қоғамдық тыңдаулар өткізді. «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында 6 – 8 сыныптар арасында сурет байқаулары өткізілді.

https://www.instagram.com/tv/CFtas3HZ1H/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://www.instagram.com/reel/CELeyz-IJL4/>

https://www.instagram.com/p/CdfBKAYqaqL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CdfDKwNtbXC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

V бағыт. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. «Қоқыссыз әлем», «Біз табиғатты қорғаймыз» сынып сағаттарын өткізу 5 -11 сынып сағаттары өтті. Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл толуына орай мектептерде «Семей полигоны – тарихтың қасіретті беттері» тақырыбында үлгі сынып сағаттарын өткізілді. «Жалпыға бірдей Еңбек қоғамы» бағдарламасын іске асыра отырып, мектепте еңбек дағдысын дамытуға жағдай туғызу; экономикалық ой-өрісті дамыту, бәсекеге қабілеттілікті ұштау; табиғатты қорғауға, экологиялық мәдениеттілікті ұстануға талпындыру; еңбекке баулу мақсатында «Адал еңбек бейнесі» 2 – 3 сыныптар, «Жарнама жасау өнері» сынып сағаттары өтті. «Үнем - қоғам қуаты» жобасы аясында «Қалпақтарды өмірге қайта келтіру» тақырыбында пластмасс қалпақтардан әр – түрлі бұйымдар жасады. «Қоқыссыз Қазақстан!» тақырыбында қажетсіз заттардан қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Дебат клубының жетекшісі мен дебат клубның мүшелерінің ұйымдастырумен «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» тақырыбында дебат өтті. Мектепте кәсіптік бағдар беру бойынша іс – шаралар жоспары құрылып, оқу жылы аясында 9-11 оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүзеге асырылуда. Қыркүйек айында өткен жылдың кәсіпим бағдар беру жұмысының нәтижесі талданып, 9 – 11 сынып түлектерінің орта кәсіби және жоғары оқу орындарына түсуі, еңбекпен қамтылуы туралы мониторинг шығарылды. Жыл басынана бері мектептерге ЖОО мен колледждерден тарапынан арнайы мамандар келіп, мамандықтар туралы бағыт бағдар берді. Атап айтсақ аудан орталығындағы Бақанас аграрлы – индустриалдық колледж мамандары, «Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті» онлайн форматта «Талапты мініп тұлпарын, білімге ұмтыл ұрпағым» атты 11 сынып түлектерімен кездесу өткізді. Оқу орындары оқушыларымызға қазіргі таңдағы қажетті мамандықтар мен мамандық таңдаудағы негізгі кездесетін жағдайларға, дұрыс бағыт алу және де дұрыс мамандық таңдау керектігін, қазіргі таңда қандай мамандықтар сұраныстарға ие екендігін басты назарда ұстап, түсініктемелер берді. ЮНИСЕФ ұйымдастырған кәсіптік бағдарлауға бағытталған «ШЕКАРАСЫЗ ҰРПАҚ» бағдарламасы бойынша волонтерлар 9 – 11 сыныптардың оқушыларына

онлайн форматта сабақтар жүргізді. Сабақтар жүргізу барысында мамандық таңдау, резюме толтыру, қандай мамандықтар бар екені жайлы сұхбаттасып, ақпараттар берді. Жоспар бойынша мектеп психологы мектеп бітіруші түлектеріне түрлі психологиялық сауалнамалар мен оқушыларымыздың болашақта қандай маман иесі болатындығы туралы сараптамалар жасады. 9-11 сынып жетекшілері мамандық таңдау бағытындағы жұмыстарында, алдағы уақытта қандай оқу орындарын таңдады сол бойынша сауалнамалар, 9 сыныпта бойынша «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында эссе алынды. Мектепте «Мамандық: кеше, бүгін, ертең» байқауы, «Мұндай мамандық бар» презентациялар байқауы өтті. Сәуір айында мектепте «Экочеллендж», «Ең жасыл кабинет» байқауларын өткізілді. Сонымен қатар, «Құстар біздің досымыз» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. 5-6 сынып оқушылары технология сабақтарында құстарға ұялар жасады.

https://www.instagram.com/tv/CWM8ANbqW3g/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CHt9Qx8FB25/?utm_source=ig_web_copy_link

VI бағым. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. 5-ші қыркүйек Қазақстан халқының тілдер күні. 1998 жылдың 20 қаңтарында елімізде ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 22-қыркүйек Қазақстан халқы тілдерінің күні болып жарияланды. ҚР премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев «Қазақстан Республикасындағы мереке күндер тізбесін бекіту туралы» үкіметінің қаулысына қол қойды. Қаулыға сәйкес, Қазақстан халқы тілдер күні 5-қыркүйекте аталып өтіледі. Тілдер мерекесінің датасы өзгеруінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. 5 мен 15 қыркүйек аралығында «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай, қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл толуына арнап, мектепте айтулы он күндіктің іс-шаралары өз дәрежесінде атқарылып өтті. Мектепте 5-6-сыныптар арасынан «Көркемсөз оқу шеберлерінің» сайысы онлайн түрде өрбіді. Қатысушылардың өнерін бағалау кезінде олардың тіл байлығына, тіл мәдениетіне, сыртқы келбетіне, мәнерлеп оқу деңгейіне, өзін-өзі ұстай білуіне, әртістік шеберлігіне, дауыс ырғағына баса көңіл аударылды. Сайысқа арнап жасаған бейнежазбалары мектеп әлеуметтік Instagram, Facebook парақшаларына жүктелді. Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру және шәкірттерге ана тіліміздің қадір-қасиетін ұғындырып, оны өшпес мұра етіп сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап жеткізу, мемлекеттің тіл саясатын жүзеге асыруда жетістіктерді паш ету мақсатында

өткізген бұл айтулы он күндіктегі ең негізгі бірегей жұмыстардың бірі ол- «Қара сөздердегі даналық ой» Ахмет Байтұрсыновтың бір ғана қара сөзін айтып, саналы түрде мағынасын ашу. Ахмет Байтұрсыновтың өлең жолдарына өз түсінігін айту яғни «Мен қазақша сөйлеймін!» бір күндік жалпы республикалық акция аясында өзге ұлт өкілдерінен қазақша сөйлеу ұйымдастырылды. «Көркем жазу» Ахмет Байтұрсыновтың қара сөздеріне немесе өлең жолдарына көркем жазу өтті. Мектепте «Мәңгілік ел –мәңгілік тіл» атты тақырыпта қазақ тілде, орыс тілде және ағылшын тілдерінде тіл апталығы, 1 – 4 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттарының мақсаты: Мемлекеттің тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүюге, оқушылардың туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасаты азамат етіп тәрбиелеу. «Тіл мәртебесін ұлықтайық», «Ананың тілі – жүректің үні», «Мен көп ұлтты және тілді білемін», «Тапқыр болсаң тауып көр!», «Тіл – татулық тірегі», «Ұлттың тілі – ұлттың жаны», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар тіл туралы өлең шумақтарын мәнерлеп жатқа айта отырып, әнмен шашу шашып, тіліне деген мақтанышын көрсетті.

https://www.instagram.com/p/CICdPrbF5tK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[https://www.instagram.com/tv/CFgQo-](https://www.instagram.com/tv/CFgQo-IFV6a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

[IFV6a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/tv/CFgQo-IFV6a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

https://www.instagram.com/tv/CFgWtmflkRg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CFg6XAplOUL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CFhAO7XFHQd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектеп кітапханасында «Әлемдік мәдениет – кітапта» 5-7 сыныптарда арасында оқушыларға дәрістер оқылды. Күз меркесін атап өту мақсатында барлық мектепте «Күзгі көкеністегі ерекше бейне» фото байқаулары өтті. Оқушылар бұл шеберлік байқауында әр сыныптан қол өнер мен қыл қалам шеберлері өнерлерін ортаға салып, фойе алдындағы тақтайшаға орналастырылған газеттер беті сарғылт, күрең-қоңыр жапырақтар мен түпсіз терең тұңғиықта жататын маржандай көрінетін әдемі әрі әспеттеліп жасалған дәнді-дақылдар және мағыналы сөздерге толы болды. 5 – 8 сыныптар, «Күзгі сән» табиғи заттардан, 1 – 4 сыныптар арасында бұйымдар жасау байқаулары, іс шаралар ұйымдастырылды. Мектепте 5-9 сынып оқушылары аралығында «КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ -2021» байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың күз туралы дүние танымдарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, сахналық мәдениетін қалыптастыру. Мектепте «Жасыл шырша» мерекесіне арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» мектепшілік іс-шаралар жоспары жасалынып, мерекелік шаралар үлкен дайындықпен қызықты, өз мәнінде өтті. «Жасыл шырша» мерекесі бекітілген кесте бойынша 25-27 желтоқсан аралығында өтіп,

кезекшілік құрылды. Мерекенің шаралары ұйымдастырылып, өту барысы қадағаланды. Тұл жетім, мүмкіндігі шектеулі балаларға Аяз ата жана жылдық сыйлықтар берді. Жаңа жыл мерекесі әр сыныптың кабинеттерінде ұйымдастырылды, барлық мектеп оқушылары маскарадтық костюм киіп, Аяз атаға өлең мен тақпақтарын айтты. «Адал ұрпақ» ерікті клуб мүшелері қатысуымен «Ел рәміздері – елдігімнің реңі, тендігімнің тірегі» зияткерлік сайыс, «Сатылмайтын еңбек» суреттер байқауы ұйымдастырылды. «Қазақ поэзиясының Хан Тәңірі Мұқағали» М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған поэзия кеші, эссе байқаулар ұйымдастырылды. Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйуге, оны бағалай білуге, сыршыл да шыншыл ақын өлеңдерінің мәні мен маңызына үңілдіруге, рухани танымын кеңейтуге ықпал ету. Хан тауының Мұзбалағы, қазақ поэзиясының ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдығына орай, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып «Қара өлеңнің Хантәңірі» атты тақырыпта апталық іс-шаралардың кешенді жоспары құрылып, алдағы жұмыстар жоспарға сай өтуі жөнінде лездемеде мектеп ұстаздарына таныстырылды. Сонымен қатар оқушылар «Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа» арналған арнау өлеңдерін оқып, мағыналы бейнероликтер жолдады.

https://www.instagram.com/p/CVX4_StnNB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CZ1TR0Rg_vW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CZ1TR0Rg_vW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай мектебімізде 1-4 сыныптар, 5-7 сыныптар және 8-10 сыныптар аралығында «Қыздарға әсемдік жарасады» атты мектепшілік қыздар сайысы өткізілді. Жас ерекшеліктеріне сай сайыс шарттары алдын ала таратылды. Қыздар ат салыса қатысып, белсенділік танытқан қыздарымыз жүлделі орындармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/Ca8zwQIt6hC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Ca8z-vdtkRE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Ca80w_ftTTr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/Ca81boZj3HA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/Ca82pPUjldR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/Ca833nwD97-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектепте «Қош келдің Әз-Наурыз!» мерекелік іс – шараның жоспары жасалынып, жүзеге асырылды. «Ұлы Наурыз- жаңа жыл басы» ән , қазақтың

ұлттық билерінен байқаулар ұйымдастырылды. 5-7 сынып оқушыларымен «Наурыз думан» тақырыбында ұлттық спорттық ойын түрлерінен (қол күрес, кір көтеру, арқан тарту, асық ату, қазақша күрес т.б.) жарыстар, сонымен қатар «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» үлгі сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға наурыз төл мерекесі туралы мәлімет беру және де ұлтымыздың салт-дәстүрлерін, әдеп ғұрпын түсіндіру, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын дамыту. Сондай ақ, мектеп фойесіне «Бауырсақ PARTY» ұйымдастырылды. Яғни, наурыз мерекесі қарсаңына мектеп түлектері бастауыш сынып оқушыларына тегін бауырсақ, тәтті тоқаш, құрт, ірімшік өздері пісіріп оқушыларға тегін таратты. Мектеп ұстаздары мереке қарсаңында қазақтың киімін ұлықтау мақсатында жаппай ұлттық киімдер киді.

https://www.instagram.com/p/CbHMrr6N4Iv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/CbHPQ1aNuea/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/CbPAq7YNPmT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/CbHPCzuti3T/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/CbO_5qatjH9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/p/CbPAb2ZNjEq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

VII бағыт. Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Мектепте жаңа оқу жылына сынып белсенділерін сайлау, мектепшілік «Оқушылар комитеті», «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарын сайлау және тағайындау жүргізілді. Технология пәнінің мұғалімі «Ата- мұрам – асыл қазынам» жобасы аясында «1 күн өнеге сабақ» өткізіп, оқушылар тақырып аясында бейнеороликтер жасады. 5 – 9 сыныптар арасында сынып жетекшілер «Туған жерді таны» тарихи танымдық сағаттар өткізді. Мектепте «Киберқауіпсіздік» туралы ақпараттық жаднамалар таратылды. «Біз құқықбұзушылыққа қарсымыз!» сурет байқауы болды.

https://www.instagram.com/p/CZwyNn8gWlm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

VIII бағыт. Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады.

Қыркүйек айында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында денсаулық күніне орай «Денсаулық-2021» фестивалі «Дұрыс тамақтан! Спортпен айналыс!» ұранымен өткізілді. Фестивальге мектеп оқушылары қатысып, мектеп медбикесі дұрыс сапалы тамақтанудың адам ағзасына

пайдасы туралы түсінік берді. Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын ұстанудың бір жолы оқушыларды қызығушылықтарына қарай үйірме жұмыстарына тартылды. Мектепте өткен «Денсаулық-2021» фестивалінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері «Бой жазу жаттығулары» бойынша сайыстар ұйымдастырды. Мектепшілік «Баскетбол», «Волейбол», «Футболдан» жарыстар өткізілді. Қазан айында «Ішімдік – қоғам қасіреті» Дүниежүзілік алкагольмен күрес күніне арналған пікір алмасулар өтті. Пікір алмасу барысында оқушыларға маскүнемдікке бейім келетін ең қиын кезең — жасөспірім кезеңі. Бұл кезеңде жасөспірімдер тіршілігінде бірқатар маңызды өзгерістер болып жататындығы айтылды. Сонымен қатар қараша айында «Жұқпалы аурулардың алдын алу, тұмау» тақырыбында оқушыларға дәрістер оқылып, диктанттар алынды. «1 желтоқсан СПИДке қарсы күніне» орай оқушыларға темекі, арақ, есірткі, СПИД - тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан - жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу. Оқушыларға СПИД ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын түсіндіру мақсатында барлық сыныптарда мектеп медбикесі «Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағдарламасы» дәріс сабақтар, «ЖИТС – қауіпті дерт» атты тақырыпта жазба жұмыстарын алынып, тәрбие сағаттарын өткізілді. «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!» сынып сағаттары өтті. 8-9 сынып оқушылары арасында қазақтың ұлттық ойындары бес асықтан турнир ұйымдастырылды. Наурыз айында «Ұлттық спорттық ойындар» тақырыбында мектепшілік жарыстар ұйымдастырылды.

«1 желтоқсан - СПИД-ке қарсы күрес күніне» байланысты іс –шаралар жоспарын жасалып, бекітіліп жүзеге асырылды. Атап айтсақ, мектеп медбикесі «Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағдарламасы» дәріс сабақтар, «ЖИТС – қауіпті дерт» атты тақырыпта жазба жұмыстарын алынып, тәрбие сағаттарын өткізілді. «Қызықты қыс» спорттық сайыстар, «Отбасылық эстафеталық ойындар» жоспарылы түрде жүзеге асырылуда. Мектепте ауылдық аурухана қызметкерлері «Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек» тақырыбында 8 – 11 сынып оқушыларына дәріс сабақтар өткізді. Жыл сайын 24 наурыз күні бүкіл әлем «Туберкулезге қарсы күнді» атап өтеді. Дүниежүзілік туберкулез аурумен күресу күні- «Туберкулез қауіпті дерт» тақырыбында мектепте өтті. Елімізде де құрт ауруына қарсы атаулы күн ескерусіз қалмай, жыл сайын аталып өтіледі. Мектеп медбике және ауылдық аурухана балалар дәрігерлері ауруымен қалай күресу керек екендігі түсіндірді, оқушылардан туберкулез ауруы туралы сауалнамалар алынды.

https://www.instagram.com/p/CaY3Ac9tes9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2022-2023 оқу жылындағы I бағыт – «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»; 1 қыркүйек - Білім күніне орай сынып сағаттары өтті. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты тақырыбында 1-11 сынып арасында салтанатты жиын, сынып сағаттары өтті. 2022 жылдың 1 қыркүйек күні - *«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»* тақырыбындағы алғашқы қоңырау салтанатты жиыны мектеп алаңында өткізілді.

Мақсаты – жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл – күй, оң көзқарас қалыптастыру.

01.09 күні «Алғашқы қоңырауға» арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты салтанатты жиынының іс – шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп алаңы баннерлер, жалаушалар, гүлдер, салтанатты жиынға арналып безендірілді. Биылғы жыл Ата заңымыз қабылданғанына 30 жыл толуымен тұспа – тұс келіп отыр, 2022 жыл сонымен бірге тәуелсіз Қазақстанның тарихынан ойып алар өзіндік орны бар жыл. Биыл республика, облыс, аудан көлемінде қоғамдық маңызы бар бірқатар мерейтойлар аталып өтілуде. Атап айтар болсақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл, Ахмет Байтұрсынұовтың 150 жылдығы, Қазақстанның БҰҰ-ға кіруіне 30 жыл, Мәншүк Мәметованың 100 жылдығы, Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығы, Роза Бағланованың 100 жылдығы, Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығы, 2022 жылы Балалар жылы. Алғашқы қоңырау салтанатты жиынға мектеп оқушылары, 1 сынып білім алушыларының ата - аналары, мектеп ұжымы, арнайы шақырылған қонақтар, ауыл әкімшілігі, *«Бірлік» ауылдық округінің әкімі Елубаев Елнұр Қанатұлы*, «Алматы облысы Балқаш ауданы басқармасының» мемлекеттік мекемесінің «Балқаш аудандық санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау орталығының» директоры Әліпбаева Ғалия Жұмабайқызы, Агрофирма «Бірлік» ЖШСнің директоры Қыстаубаев Алмас Әбдіжаппарович, *зейнеткер ұстаздар* қатысты. Жиын барысында Қазақстан Республикасының Гимні орындалып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы астында білім алушылар қатар түзеп, тік тұрды. Алғашқы сөз кезегін мектеп директоры Кембебаева Гүлнар Зауланбайқызы «1 қыркүйек – Білім күніне» ұстаздарды, ата – аналарды оқу жылының басталуымен құттықтады «Алматы облысы Балқаш ауданы басқармасының» мемлекеттік мекемесінің «Балқаш аудандық санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау орталығының» директоры Әліпбаева Ғалия Жұмабайқызы, Агрофирма «Бірлік» ЖШСнің директоры Қыстаубаев Алмас Әбдіжаппарович Бірлік ауылдық округінің әкімі Елубаев Елнұр Қанатұлы, 1 сынып ата – аналары атынан Дүйсенбаева Нұрсұлу апай, құттықтау сөздерін сөйледі. *«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»* тақырыбындағы алғашқы қоңырау салтанатты жиыны қоңырауды соғу құрметіне ие болғандар *II сынып оқушысы Бақытұлы Азамат пен I сынып оқушысы Әбдіжаппар Кәусар* ие болды. Білім күніне арналған салтанатты жиынан соң білім алушылармен *«Терең білім,*

еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Ch8_ZDGqu3o/?utm_source=ig_web_button_share_sheet

https://www.instagram.com/reel/Ch8_FRKy4Y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Ch9JJGKIuq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Ch8jLSbqPoA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

06-20 қыркүйек аралығында Балқаш аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы, АОСЭБД-нің 03.09.2022 жылғы шығыс № 24-26-3-4482 санды хатын басшылыққа ала отырып мектепте «Педикулезбен қалай күресуге болады?» акциясы тақырыбы аясында арнайы әр түрлі жас деңгейінде сыныптар бойынша іс-шаралар өткізілді. Аталмыш тақырып бойынша 1-4 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жас ұрпаққа салауатты өмір салтын ұстану үшін тазалық пен гигиенаны дұрыс ұстану жолдары айтылып өтті.

«Педикулез» атты тақырыпты басшылыққа ала отырып, шаш күтімі бала денсаулығы үшін тазалығы өте маңызды екендігін сонымен қатар баланы алғашқы күнен таза ұстауы түрлі инфекциядан қорғайтыны туралы 5-11 сынып араслығында лекциялық сабақ өткізілді. Сабақ барысында 9 сынып оқушысы Серік Құралай «Он екі мүшең сау болса-қара басың хан мен тең» деп тазалықтың алдын алсақ біз педикулездің алдын аламыз деп өз пікірін қалыптастырды.

16-қыркүйек күні Балқаш аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Отан отбасынан басталады» тақырыбында білім мекемелеріндегі ата-аналар комитеті, тәрбие орынбасрларымен Мұсабек Сенгірбаев атындағы мектебінде семинар өтті.

1-23 қыркүйек аралығында «Абайлаңыз-балалар!» атты жол қозғалысы айлығы өткізілді. Мектеп бойынша 1-5 сынып оқушыларының жол-көлік жарақатының алдын-алу мақсатында Абайлаңыз-балалар!» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барасында көлік жүргізушінің жылдамтықты шектеуі, жаяу жүргіншілер өткелдерінен өту ережелерін, балаларды тасымалдау ережелерін сақтауы, жаяу жүргінші балалардың жол қозғалыс ережелерін сақтауы үшін сабақтар жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CiNmKA8qXI7/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/CslprO7NJwf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/ChpjHfK1Dg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

19 қыркүйек мектепшілік «Мектеп парламенті» мүшелерін тағайындай отырып «Мектеп президентін» сайлау жұмыстары өтіп, сайлау нәтижесінде 10 сынып оқушысы Ерназқызы Шалқар «Мектеп президенті» болып сайланды.

20-24 қыркүйек аралығында 8-11 сынып оқушылары арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Кітап рухани жаңғыру құралы» атты тақырыпта апталық өткізіліп оқшыларға әдеби кітаптар ұсынылды.

https://www.instagram.com/p/CllvgdkNs84/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру мақсатында Бірлік орта мектебінде Тәуелсіздік күніне орай, 5-11-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен желтоқсан куәгерлері Алтиқбаева Сандуғаш, Садирова Батиха апайлармен кездесу өтті. Кездесу соңында, 5-11-сынып оқушылары дайындаған әдеби-монтаж бен оқиға көріністерінен қойылым көрсетілді.

Осы орайда мектебіміздің кітапханашысы Құсайынова Айнұр апайдың ұйымдастыруымен, Тәуелсіздік күніне орай, 14 желтоқсан күні, мектеп кітапханасында желтоқсан куәгерлері Мадиев Төлеген ағай мен Садирова Батиха апайлармен кездесу болып өтті. Желтоқсаншылармен болған сұхбат оқушылардың елімізге деген құрметін арттырып, патриоттық рух сыйлады.

Сондай-ақ, 1-11 сынып оқушылар арасында Тәуелсіздік күніне орай тәрбие сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/CmPGshgN1yt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CmPGshgN1yt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CmdHkHaqXND/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CmdHkHaqXND/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қараша айында Дүниежүзілік балалар қорғау күні аталады. «Бала құқығы – адам құқығы» республикалық онкүндік аясында 9 сынып оқушыларымен «Менің құқығым» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Сондай ақ, 2023 жылдың қантар айында Аудандық білім бөлімінің бұйрығы бойынша «Менің құқығым- менің тандауым» апталық барысында «Құқықтық сана- қауымға пана» тақырыбындағы бір қатар сынып сағаттары өтті. Оқушылардың құқықтық білімін тексере отырып, өз мүдделерін қорғай алтын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтатын, сөзге шешен, кемер ойлы, елжанды азамат ретінде тәрбиелеу, Конституцияның мәні мен сипаты, маңызы туралы білім беру, құқығымыздың қалыптасу тарихының кезеңдері, әр кезеңдегі ерекшеліктері туралы оқушылардың білімін жетілдіру, ұлттық болмысымызды бейнелеген заңдық қағидалар мен өркениеттік заңдық ережелерді бойына сіңіру, Ата Заңымыз халқымызға адал қызмет ететіндігін оқушыларға ұғындыру.

https://www.instagram.com/p/Com6lSTtf02/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CnRPvyBgsYU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

24-26 ақпан аралығында «Түнгі көше және оқушы» профилактикалық түсіндірме жұмыс бағытында Балқаш АПБның ЖҚПБ ЮПТ УПИ қызметкерлерімен кездесу өтті. Аудандық мектеп қызметкерлері мен оқушылар арасындағы терроризмге қарсы дайындығы мен хабардарлықтарын анықтау, кез келген оқыс жағдайда іске асырылатын шаралар мен іс-қималдары жайлы түсініктеме жүргізілді. Оқушыларға жалпы қауіпсіздік жайында айтылып өтілді. Осы тұста ұлдар ұйымының жетекшісі Алмат Роллан балалар қауіпсіздігі мен тәртіп қадағалау мақсатында үзбей түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Мектеп психологы Жолдыбай А. сабақтан тыс уақытында да оқушылармен біріккен жұмыс атқаруда.

https://www.instagram.com/p/CpFDaOyA5aG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CpFDdv3gq_W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

10 сәуір күні 5-11 сынып ата-аналары арасында «Терезеден төнген қауіп» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Оқу жылының аяқталуына байланысты 2023 жылы 31 мамыр күні тәрбиелік сынып сағаттарымен аяқталды. Оқушыларға патриоттық, ұлтжанды тақырыптарының маңыздылығы ашыла келе, жазғы мезгілдегі қауіпсіздік шаралары ескертілді, мектеп әкімшілігі тарапынан оқу озаттарына мақтау қағаздары табыс етілді.

Бірлік орта мектебінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 88 «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 22 маусым күні түлектерге арналған жалпы орта білім туралы аттестатты тапсыру балалық шақты артқа тастап, үлкен өмір жолына аттағалы отырған мектеп түлектеріне арналған «Сәт сапар, жас түлек!» мектеп бітіруші түлектерге арналған аттестат тапсыру рәсімі өткізілді.

Жалпы орта мектепті бітіруші түлектер саны – 22 оқушы. Салтанатты жиында алдымен мектеп директоры Кембебаева Г.З. түлектерді құттықтап, «Алтын белгі» иегерлері Мейрам Аружан мен Ералы Мөлдірге аттестаттар тапсырды. Сынып жетекшілері Жортинбаева Ф. Мен Қалығұл С. құттықтау арнады. Салтанатты аттестат тапсыруға арналған жиын өз деңгейінде өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CxXniBqAGJS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» жұмысы 2022 - 2023 оқу жылының басында 8-11 жоғарғы сынып оқушылары арасында «Жас полиция көмекшісі» ұйымы құрылып, жылдық жоспары бекітілді. «Жас полиция көмекшісі» ұйымы жұмысының есебі 1 тоқсан бойынша аудандық ішкі істер бөлімінің ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция майоры О.Ә.Садырбаеваға өткізілді. Аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар жоқ. Мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ. Оқушылардың түнгі мезгілде бос жүрмеуінің алдын алу мақсатында мұғалімдер арасында түнгі кезекшілік кестесі құрылған. Мектеп оқушылары сабаққа түгелдей қатысады, ай сайын

форма №2 аудандық ішкі істер бөлімімен бекітіліп, аудандық білім бөліміне өткізіледі. Кешкі уақытта құқық бұзушылық әрекеттер болмады.

https://www.instagram.com/p/CnRPvyBgsYU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

II бағыт–Рухани – танымдық тәрбиесі 5 қыркүйек күні тілдер мерекесі аясында «Қазақ» газетінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған, 8-11 сынып оқушылары арасында еске алу шарасы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CibpCI1Kdp0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қазан айының 1-і күні 1 қазан- қарттар күніне арналған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тәрбие сағаттары, қарттарға көмек акциялар ұйымдастырылды. Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата- әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ- ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты. 1 қазан- қарттар күніне арналған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты «Өзін – өзі басқару» ұйымының оқушыларымен бірлескен мерекелік іс шаралар ұйымдастырылды. Меркелік іс – шараға ауыл әкімі Елубаев Елнұр Қанатұлы қатысып, ауыл қарттарына мерекелік құттықтау сөз сөйлеп, демеушілердің атынан сыйлықтар табыс етті. Меркелік іс – шара соңы оқушылардың концерттік бағдарламасына ұласты. Сонымен бірге «Қарттар біздің – асыл қазынамыз» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Кітапханада мектеп кітапханашысы Кусайнова А. ұйымдастыруымен «Қарты бар елдің қазынасы бар» тақырыбында ауылмыздың ардагер ұстазы Егебаева Райхан Үнбайқызымен кездесу болды. Кездесуде Райхан апа оқушыларға өзінің кейінгі ұрпаққа үлгі болар өмір жолы туралы баяндап, "Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмағаның адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліндер деп, оқушыларға ақыл – кеңесін айтты. Мектебіміздің педагог - ұйымдастырушысы Алматы Ролланның ұйымдастыруымен «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары ауылмыздағы жалғызбасты қарттардың үйіне барып қолғабыс жасап, аулаларын тазартып көмектерін көрсетті.

Ұстаздар мерекесіне байланысты мектепте «Мұғалімдер күні» мерекесіне орай бұйрық шығарылып , іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралар өткізу мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Мектептің «Өзін - өзі басқару» ұйымының оқушыларымен «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» тақырыбында ұлы мамандық иелеріне арнап

«Ұстаздар күніне» арналған мерекелік іс шаралар ұйымдастырылды. 10 сынып оқушылар, «Өзін - өзі басқару» ұйымының оқушылары ұстаздарын төл мерекелерімен құттықтап, ұлы мамандыққа бас ию, құрмет көрсету мақсатында ұстаздарға арнаған мерекелік жылы лебіздерін өлең шумақтарын бейнероликтер арқылы өз тілектерін жолдады. Сонымен бірге, «Ұстаздар күніне» арналған мектеп парламентінің мүшелерінің ұйымдастырумен «Дублер» күні өткізілді. Мақсаты өзін – өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. Алдын ала «Дублер күні» жоспарлап өткізілетін сабақтар, сынып сағаттарының және басқа да іс-шаралардың міндеттерді нақтылау үшін дублер-білім алушылардың жиналысын ұйымдастырылды және өткізілді. «Дублер күні» кезінде лауазымы мектеп оқушысы ауыстырылатын тұлғалар оларды ауыстыратын мектеп оқушыларымен нұсқаулықтар берілді. «Ұстаздар күні» мектебіміздің ардагер ұстаздарын «Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» тақырыбында мектеп оқушылары құттықтады.

https://www.instagram.com/reel/CizP_ZFgMyq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CjIBsEOAMCd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CjKxdChg3Oq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

18 қазан күні «Заң және жасөспірім» атты тақырыпта 9-10 сынып оқушылары арасында құқықтық тәрбиелік ашық алаң сөз жарысы ұйымдастырылып, оқушылар өз ойларымен бөлісіп белсенділік танытты. Мектепте «25 қазан – Республика күнін» мерекелеу арналған бұйрық шығарылып, іс шаралар жоспары құрылды. Республика күнін атап өту тұжырымдамасы аясында іс - шаралар жоспарланды. «25 қазан – Республика күнін» мерекелеуге салтанатты жиын өткізіліп, мектеп директоры Г.Кембебаева құттықтау сөз сөйледі. Жиынның мақсаты – оқушыларымызды патриоттық тәрбиеге, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеуге, қайсар, өр рухты тұлға қалыптастыруға баулу. Салтанатты жиында жалпыреспубликалық бірыңғай «Патриотизм дауысы» тақырыбында Мемлекеттік Гимнді орындалды. Мектептің педагог ұйымдастырушы Р. Алмат пен «Адал Ұрпақ», «Өзін - өзі басқару» ұйымының оқушыларының ұйымдастырумен оқушылар арасында «25 қазан – Республика күнін» арналған бейне құттықтаулар дайындалды. «25 қазан – Республика күні» білім беру ұйымдарында диктант жазу ұйымдастырылып, 1-4 сынып оқушылары арасында «Атамекен» тақырыбы бойынша жалпыреспубликалық патриоттық диктант өткізіледі. Мектеп бойынша 1-4 сынып оқушылары бірыңғай акцияға қатысты. Диктант оқушылардың сынып ерекшеліктеріне байланысты берілді. Диктанттың мақсаты мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарын құрметтеу, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту, Отанын, туған елін сүюге тәрбиелеуді мақсат етті. «Бір жылдығын ойлаған халық бидай егеді, мың жылдығын ойлаған халық саналы

ұрпақ тәрбиелейді» - дейді дана халқымыз. Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімін нығайту, елін, жерін, ұлтын, тілін сүйуге тәрбиелеу мақсатында 9, 10, 11 сыныптар арасында «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында жалпы республикалық эссе байқауы ұйымдастырылды. Республика күнін мерекелеу аясында барлық сыныптарда үлгі тәрбие сағаттары өтті. Мерекеге арналған «Республика күні – ұлттық мереке» тақырыбында мектеп кітапханасында кітап көрмесі жасақталды. Көрмеге Қазақстанның тарихы туралы кітаптар, сонымен қатар қазақ хандығының тарихына байланысты кітаптар, қазақстанның құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы туралы әдебиеттер қойылды. Аталған көрменің мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның егемендік алғанан кейінгі қалыптасу тарихымен таныстыру, сондай-ақ мемлекет және құқық тарихы, қазақстанның құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы туралы әдебиеттермен танысу, сонымен қатар, еліміздің егемендік тарихындағы айтулы кезеңдердің баяндалуы болды. «Ұшқыр ой» дебат клубының жетекшісі Р.Алматың ұйымдастырумен патриоттық мәні зор «Менің Республикам - Менің мақтанышым» тақырыбында дебат өтті. Сондай-ақ барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Cj9A3jAHqv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Cj6ck0QjoVn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Cj7vLHFtu_j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Cj55Xb2jQWr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CmPRBm1AqUs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CIP727eKU_R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Республикалық «Ұлттың ұлы ұстаздары» тақырыбында оқушылардың шығармашылығын шындау мақсатында мектепте оқушылар арасында сурет байқауы өткізілді. Сонымен мереке қарсаңында мектебіміздің әлеуметтік педагогы Қайырғали Д., «Ата – аналар комитетінің» төрайымы Айтымбетова Ш, «Қамқоршылық кеңес» төрайымы Мадиева А. ұйымдастырумен «Жанашыр жүрек» халықтық қайырымдылық акциясы болды. Акция аясында мектебіміздің ауылымыздың кәсіпкерлері Дюсенова А., Надирбекова А., Толқынбекова Ғ. көп балалы отбасынан, қамқорлықтағы отбасы балаларына маусымдық киімдер алып берді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастырумен «Отан сүйген ұланбыз» спорттық сайыс өткізілді. Өткізілген іс – шаралардың барлығы мектеп сайтына, әлеуметтік желілерге жарияланды. 7 желтоқсан күні «Бала құқығын қорғау» тақырыбында педагог-психолог Жолдыбай А. мен тәрбие ісі жөніндегі орынасары Балабай Э. бірлесе отырып 5-11 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат берілді.

III бағыт. Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Мектепте жаңа оқу жылына сынып белсенділерін сайлау, мектепшілік «Оқушылар комитеті», «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарын сайлау және тағайындау жүргізілді. Сонымен қатар, ОБЛЫСТЫҚ «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында мектебіміздің 7-8 сынып оқушылары қыздар арасында «Алтын доп» баскетболдан өткен жарыста, Бірлік орта мектебінің оқушылары аудан намысын қорғап, жүлделі ІІ орынды иеленді. Жетекшісі: дене шынықтыру пәні мұғалімі Байқожа Самат.

https://www.instagram.com/p/CrAzqLxA8Bg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

IV бағыт- Отбасы тәрбиесі бойынша 1-4 сынып оқушылары «Бақытты отбасы мекені» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырды. 9-11 сыныптар арасында «Отбасы-бақыт мекені» атты дөңгелек үстел өтті. Мектепте қыркүйек айында «Отбасы бақыт мекені» апталықтың іс шаралар жоспары жасалынып, жүзеге асырылды. Мектеп кітапханасында «Отбасы бақыты – ел бақыты», көрме ұйымдастырылды. «Бақытты отбасы – бақытты ел» тақырыбында «Отбасы күніне» арналған сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді, отбасы ұғымдарды кеңейту, отбасы құндылықтарын насихаттау. Оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету, отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімінің мәні туралы түсініктерін кеңейту. Апталық аясында «Отбасы – шағын мемлекет», «Отбасым - байлығым», «Менің отбасымның шежіресі» тақырыптарында отбасылық дәстүрлер фото көрмесі өткізілді. «Отбасы - бақыт мекені» апталық барысында «Отбасы-орта мектеп жобасы» аясында отбасылық дәстүрлерді балаларына үйретіп жүрген ата - аналарды насихаттау мақсатында «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында бейнероликтер байқауын ұйымдастырылды. **«Бақытты отбасы – бақыт мекені»** атты тақырыпта 9-10 сынып оқушылары арасында қазақ тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен шығармалар сайысы өтті. Мектеп психолгының ұйымдастырумен 2 – 4 сынып ата-аналармен «2-4 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында ата-аналар конференциясы өтті. Сонымен қатар, дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Даулетбакованың ұйымдастыруымен отбасылық «Әкем, анам және мен» атты 5-6 сыныптар аралығында отбасылық спорттық сайыс ұйымдастырды. Сайысқа «Сабаевтар», «Болысбаевтар», «Төлжарасовтар» отбасылары белсене қатысты. Сайыс өте қызықты және тартымды өткізілді. Жеңіске «Төлжарасовтар» отбасы қол жеткізді.

Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі туралы ата-аналардың пікірін білу, талқыға салу. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; тәрбиелеу ісінде кездесетін қиындықтар мен жетістіктер туралы сөз ету. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін

психологиялық жаттығулар арқылы көрсету. «Балалар түнгі ауылда» атты акция сәуір- мамыр айында өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Ciw3YoFgFu6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

V бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі бойынша «Отбасында еңбекке тәрбиелеу үшін қажетті жағдайлар жасаудағы ата-ананың міндеті» ата-анамен әңгіме - сұхбат қазан айында «Толағай» отбасылық сайысы мен «Денсаулы фестивалі» өтті. Сайысты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Байғожа С. 5 - 6 сынып оқушыларының ата-аналарымен бірге өткізді. Қазан айында «Таза аула, таза көше» атты акция аясында сенбіліктер өткізілді. Сенбілік кезінде әр жұма сайын сынып оқушылары мектеп ауласына өздеріне бөлінген аулаға тазалық жүргізді. 18 қазан күні Республика күніне орайластырылған «Таза табиғат» жалпы Республикалық экологиялық акцияға өзін-өзі басқару ұйымы мектеп ауласының тазалағын сақтау барысында өз үлестерін қосты. Акцияның мақсаты: қоршаған орта мен өз айналамызды таза ұстап, табиғаттың ластануына жол бермеу. Қараша айында «Жасыл ел» бағдарламасының мақсат, міндеттерін басшылыққа ала отырып көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары бойынша «Бір ағаш сындырсаң, он ағаш ек!» атты акциясы жүргізілді. Мектеп қызметкерлері, мұғалімдері мен 8-11 сынып оқушылары осы акцияға белсене атсалыса қатысты. Мектеп ауласының белгіленген орындарына ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Мектепте оқушыларға экологиялық білім беру бойынша іс – шаралар жоспары жасалынып, жүзеге асырылуда. Қазіргі замандағы әлемдік өзекті мәселелердің бірі – табиғи ресурстардың сарқылуы мен қоршаған ортаның ластануы. Осы мақсатта бастауыш сыныптарда сабақтары өткізілді. Сабақта оқушылар энергияны тиімді тұтыну және энергияны үнемдеу, ауызсу көздерін ұтымды пайдалану туралы түсінік қалыптастырды. Сабақ соңынан сынып жетекшілері «Жасыл – яғни үнемді» тақырыбында презентациялар көрсетілді. Көгалдандыру жұмыстары бойынша жарты жылда бір рет (көктемде және күзде) «Тал күні» жобасын ұйымдастырылуда. «Тал күні» жобасы аясында оқушылар ата-аналармен бірлесіп мектеп ауласына «Туған жерге қамқорлық», «Бір тал кессең, он тал ек» аясында іс-шара ұйымдастырылып, қажет болған жерлерге ағаштар, гүлдер отырғызылып, суғарып, қоқыстардан тазартылды. «Туған жерімізді қорғаймыз!» тақырыбында мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Еңбек – адам өмірінің мәні. Ешкім де онсыз мұратқа жетіп, биікке шықпайды. «Еңбек ер атандырады» дейді дана халқымыз, абыройы асқандардың барлығы да қажырлы еңбекпен биікке жеткен адамдар деп айтуға болады. Осы мақсатта мектепте «Еңбек күнін» мерекелеуге байланысты сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты: Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, еңбек жасай білу дағдыларын дамыта отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. «Адал еңбек», «Еңбек түбі – береке», «Бақыт кілті – еңбекте», «Еңбек түбі – береке!» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып,

оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өткізілді. 1 сынып оқушылары «Еңбек күніне» байланысты суреттер салды.

https://www.instagram.com/reel/Ciw4vOJANU5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CrtVOJvAcgI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CsLKIRZgNam/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

VI бағыт – Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие бағыты
Мектебімізде 1-11 сыныптар арасында «Арайлы, Алтын күз - 2022!» тақырыбында күзгі мереке өткізілді. Сайысқа сынып жетекшілер, оқушылар, ата-аналар қатысты. Мектеп АКТ залы шарлармен, гүлдермен, оқушылардың қолөнер бұйымдарымен безендірілді.

Сайыс 4 тапсырма бойынша өткізілді.

1.Топты таныстыру. (Топтың аты, эмблемасы, киімдері. Топтың киімі бірыңғай болуы шарт)

2.Өз өнерін көрсету. (Күз мезгіліне байланысты болу керек. Мысалы, ән айтса – өзі немесе топ болып шығарған ән, би болса – сол биге ат қою, оның қойылымы болу керек)

3. «Күзгі гүлшоғы» – көрме. (Табиғи бұйымдар)

4. «КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ – 2022» (Күзгі киім үлгісі)

МАД тобы - «Күзгі жапырақ» тобы, 1 «А», 1 «Б» сыныптар - «Кемпіркосақ» тобы, 2 сынып – «Жидектер» тобы, 3,4 сыныптар – «Күзгі тамшылар» тобы, 5 «А», 5 «Ә» сыныптар - «Гүл көктем» тобы, 6 сынып – «Жемістер» тобы, 7 «А» сынып – «Алтын күз» тобы болды. Бірінші тапсырма бойынша қатысушылар кезектесіп өздерін таныстырды. Екінші тапсырма бойынша қатысушылар «Өз өнерін көрсету» бойынша оқушылар күз мезгіліне байланысты ән, би, оның қойылым көрсетті. Үшінші тапсырма бойынша оқушылар табиғи бұйымдардан «Күзгі гүлшоғын» жасады. Төртінші тапсырма бойынша жұптар музыканың сүйемелдеуімен күзгі сән үлгісін көрсетті. Байқауға қатысушылар үлкен жауапкершілікпен дайындалған, сынып жетекшілер сынып оқушыларын жұмылдырып, жоғарғы дәрежеде дайындықпен келуін жіті бақылаған. Байқау жоғарғы дәрежеде өтті. Байқауға қатысқан сыныптардың бағасын әділқазылар жоғары бағалап, жас ерекшеліктері ескеріліп, орындар берілді. «Өзін - өзі басқару» ұйымының ұйымдастырумен 8 – 11 сыныптар арасында «Күзгі бал – 2022» өтті.

https://www.instagram.com/reel/CkmzENxqjOa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде 26.02.2020 ж – 01.03.2020 ж аралығында 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай мектепшілік іс - шаралар жоспары құрылып, таныстырылды.

Мақсаты: Алғыс айту арқылы оқушылардың санасына бір-бірі деген құрметі, отбасындағы сыйластық, жас ұрпақтың ата-аналарына, үлкенге деген құрметі туралы түсінік қалыптастыру. 1 – 2- 3- 4 сыныптар арасында санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып оффлайн, 6 – 7 – 8 – 9 – 10 сыныптар арасында онлайн «Алғыс айту парызым» тақырыптық сынып сағаттары өтті.

Мектепте педагог – ұйымдастырушы Р. Алматының ұйымдастырумен «1 наурыз – «Алғыс айту» күніне» тақырыптық қабырға газеттері көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың салған суреттері, фоталар жинақталып қойылды. МАД тобының тәрбиеленушілерінің «Алғыс білдіремін!» атты бейнероликтері әлуметтік желіге жарияланды. «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымының белсенділері ата – аналарына, зейнеткер ұстаздарға, ұстаздарына құттықтау, Алғыс хаттар таратты.

https://www.instagram.com/p/CpQABVYtM5u/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

27-28 желтоқсан аралығында»1-11 сынып оқушылары арасында «Жаңа -2023 жыл» тақырыбында іс-шара өтті. 26-желтоқсан күні «Жаңа жыл, жаңа бақыт» атты бағдарламамен ұйымдастырылған аудан әкімінің шыршасына мектебімізден 2 оқушы қатысып, бағалы сыйлықтармен марапаталды. Сонымен қатар, Қонаев қаласында ұйымдастырылған облыстық Президент шыршасына көп балалы, аз қамтылған отбасының 7 сынып оқушысы Дархан Арнұр барып қатысып, 100 теңге сертификатпен және жаңа жылдық сыйлық алып келді. Мектепте «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында іс – шаралар ұйымдастырылды.

«12 сәуір - Ғарышкерлер күніне» арналған оқушыларға Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері туралы түсінік бере отырып, ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру, «Ғарыш» туралы мағлұмат беру, ғарышқа ұшу туралы ғылымның негізін қалаған ғалымдармен және ғарышкерлермен таныстыру мақсатында 1-11 сынып аралығында «Қазақтың тұңғыш ғарышкерлері» және « 12 сәуір - Ғарышкерлер күні» тақырыптарында тақырыптық сынып сағаттары, 1-4 «Мен ғарышкер боламын» мәнерлеп оқу сайысы, «Ғарыш әлемі» жобалар байқауы, сурет байқауы өткізілді. Сонымен қатар, оқушылар арасында суреттер байқауы және бастауыш сынып оқушылары ғарышкерлерге арналған өлеңдерін ұсынды. Оқушылар сынып сағаттарында ғарышкерлердің өмір баяндарымен танысып қана қоймай олар туралы қызықты мәліметтермен де танысты. Сонымен қатар, тек адамдар ғана емес ғарышқа саяхат жасаған жануарлар да болғаны жайлы мағлұматтар алды.

29 сәуір күні «Бірлігіміз жарасқан» атты 1 – мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі мейрамы байланысты штаттық режимде оқығандықтан мектепте аталып өтті. 1 – мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған мерекелік сынып сағаттары өз деңгейінде өтті. Әр сынып жетекшілер құттықтау видеороликтерін әзірлеп әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында, Facebook, Instagram, YouTube каналында жарияланды. Біз әкелердің алдында әрдайым қарыздармыз. Әке мен бала арасындағы көзге көрінбес байланыс – қылдай берік, алтын көпір секілді дей келе 3 мамыр күні бастауыш сынып оқушылары арасында әкелерге арналған ашық есік күні өтті.

5 мамыр күні 9 мамыр – Жеңіс күніне орай 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар, «Еркін ел ұрпағы» атты жалпыұлттық патриоттық диктант өткізілді. Диктант мамыр мерекелері мен Жеңіс күні қарсаңында

қазақстандықтардың қатысуымен «Еркін ел ұрпағы» атты жалпыұлттық

патриоттық диктант өткізілді. Диктант республика бойынша 2023 жылғы 4 мамырда сағат 11.00-де өткізілді.

Бірлік ауылында 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне орай “Жастар” саябағында іс-шара өткізілді. Іс-шараға ауыл әкімі Е. Елубаев, АЖА директоры Ж. Әбдіжаппар, жеке кәсіпкер Б. Кенжебаевтар демеушілік көрсетіп, жылы лебіздерін білдірді. Аталмыш шараға мектебіміздің оқушылары қатысты. Көп балалы, аз қамтылған және үйден оқытылатын оқушыларымызға ерекше назар аударылып, сыйлықтар мен тәтті балмұздақтар тегін таратылды.

2-11 маусым күндері аралығында онкүндік мектепішілік «Өркен» жазғы бастауыш сынып оқушыларының лагері өткізілді. Лагерьге бастауыш сынып оқушылары қамтылды.

https://www.instagram.com/reel/CrleQPzR4ai/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Crx3hHFtgkI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CrldGTNbJp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Cs8GGGcAqAs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Cg aKBDAe9m/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Cg1K QHA67L/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/ChEcCL7AwoK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

VII бағыт. Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Аудандық ЖПҚ ЮПТ УПИ инспекторлары мен мектепте «Жасөспірімдер қылмысы-қоғамдық дерт» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Психологиялық қызмет бойынша құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың алдын алуға байланысты жүргізілген жұмыстар бойынша 9-11 сыныптар арасында «Тұрмыстық зорлық –зомбылық профилактикасының алдын алу» сауалнамасы, «Оқушылармен қатал қарым-қатынасты анықтау» сауалнамасы, «Жасөспірімнің өмірге, мектепке, құрдастарына деген көзқарасын анықтау» сауалнамасы алынды. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу бойынша жүргізілген жұмыстар 8-11 сыныптармен «Тұлғаның мінез-құлқындағы агрессия себептері және жою жолдары» «Менің көңіл күйім» тақырыптарында психологиялық тренингтер жүргізілді. Ал ата-аналар арасында «Ата-ана және бала» тесті, «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында сауалнамалар алынып, нәтижесі шығарылды. Сондай-ақ «Жасөспірім қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында қыз балалар арасында «Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында

баяндама оқылып, «Қыз балалардың жеке бас гигиенасы», «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында жұмыстар атқарылып, ақыл-кеңестер берілді.

https://www.instagram.com/p/CeUdLVtPYT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CVQneQWF001/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қазан айында аудандық Білім бөлімінің ұйымдастыруымен «№1 Жамбыл орта мектебі» мкм-де аймақтық «Адал ұрпақ» байқауы ұйымдастырылды. Осы байқауға мектебіміздің «Адал ұрпақ» ұйымы қатысып, іс-шара барысында жастарға біздің қоғамда «Жемқорлыққа жол жоқ»- атты көрініс көрсетті. Бұл байқаудың басты мақсаты жауапты бастамашыл, патриотты жастарды тәрбиелеу. Мектепте «Құқықтық жалпы оқулар» өтті. Тақырыбы «Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы». Сонымен бірге «Жемқорлықтың тарихи тамыры» 5 - 11 сыныптар арасында, «Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді» 1 – 4 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Мектепте «Адал ұрпақ» клубы «Жемқорлық-қауіпті дерт» тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CU9XJcwAwjU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CZMG2w1BrGQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/Cc8pAK0j8Xv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

VIII бағыт – Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі бойынша 28.11 – 2.12.2022ж шеңберінде өткен «1 – желтоқсан дүниежүзілік Спидке қарсы күніне» байланысты апталықтың жоспары жасалып, жауапты адамдар белгіленді. Мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын - алу, оның жұғу жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу. Соңғы жылдары жер шары халықтарының назары ХХ ғасырдың обасы аталған СПИД (иммунитет жетіспеушілік синдромы) дертіне аууда, қазірдің өзінде ондаған мың адамдардың өмірін жойған осы бір қатерлі ауру жайында жұмыр жердің түкпір - түкпірінде күн сайын ақпараттар беріліп отырады. Бұл дерттің қара бұлты бүкіл жер шарын басып келеді. Сондықтан осы аурудың алғашқы және негізгі белгілері, одан сақтану жолдары, аурудың алдын - алу мақсатында мектепте «1 – желтоқсан Дүние жүзілік СПИД – ке қарсы күніне» байланысты апталықтың іс- шаралар жоспары жасалынып, жүзеге асырылды. «ЖИТС – қауіпті дерт» атты тақырыпта мектеп медбикесі жазба жұмыстарын алды. «1 – желтоқсан Дүниежүзілік СПИД – ке қарсы күніне» 1 – 8 сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. «СПИД ғасыр дерті» 9 сыныбында үлгі сынып сағаттары өтті. Осы апталыққа байланысты барлық сыныптарда «Бүкіл әлемдік СПИД-ке қарсы күрес күні» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 9 – 11 сыныптардың қыз балалары үшін ауылымыздың акушері Шагатаева Г.

мен балалар дәргері Мамырбекова Б. кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға жан-жақты мәліметтер берілді. Кездесу сұрақ-жауапқа ұласты, оқушылардың көкейтесті сұрақтарына дәрігер мамандар жауап берді. Кездесуден соң мектептің оқушылары мен сынып жетекшілер мамандардан лайықты кеңестер алып, алғыстарын білдірді. Бірлік орта мектебінде «Дұрыс тамақтана білеміз бе?» тақырыбында мектеп медбикесі Елеубаева А. дәріс сабақтарын өткізді. Мақсаты: Оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу. «Дұрыс тамақтана білеміз бе?» тақырыбында өткен дәріс сабақтарыда мектеп медбикесі оқушыларға «Адамның ең үлкен байлығы – денсаулық» ал денсаулықты ағзаның күшін нығайтудың басты кепілі-дұрыс тамақтану керек екендігі, тамақтану- адам ағзасы үшін аса маңызды қажеттілік болып табылатыны туралы, денсаулығымыз көбінесе қалай тамақтануымызға байланысты болатыны туралы кеңнен түсіндірме жұмыстар жүргізді. Қазіргі уақытта қоршаған ортаның техногендік сипаттағы өнімдермен ғаламдық ластануы байқалуда. Сондай - ақ адамдардың дұрыс тамақтанбауы, дәрі - дәрмектерді көп пайдалануы, тұрмыста санитарлық – гигиеналық талаптардың сақталмауы түрлі аурулардың дамуының негізгі себептері болып табылатындығы туралы да айтылды. Дәріс сабағында оқушыларға қазіргі кездегі оқушыға күніне тамақтану төрт ретпен кем болмауы керек: ертеңгі ас, түскі ас, сәскелік ас және кешкі аста міндетті түрде ыстық тамақ болу қажет. Сіздің ішетін тағам құрамында сүт, сүзбе, құрт, ірімшік, айран, кальций мен нәруыздардың көзі болу керек. Кальций мен фосфорды балық тағамдарда алуға болады. Сізге күніне 1 - 1, 5 л. сұйықтық, бірақ газдалған емес, жеміс немесе көкөніс шырынын ішу керек. Адам үшін, ең қажеттісі ертеңгі ас! Ертеңгі асқа, мысалы, тәтті шай, нан - тоқаш өнімдері, балғын көкөністер және сұлы немесе қарақұм ботқасы. Түскі асқа ыстық тамақпен тамақтану қажет. Міндетті түрде, екі ыстық тамақ болса тіпті жақсы. Мысалы, көже (күріш, бұршақ, борщ және т. б.) лағман, кеспе, ал, екіншісіне котлет, палау, гарнирге күріш, картоп, кеспе немесе пісірілген көкөністерді қолдануға болады. Ыстық тамақты нанмен ішіп - жеген дұрыс. Үшіншісіне, бір стақан шырын, шай және т. б. Түскі аспен кешкі астын арасында тәтті нанмен тоқашпен бір стақан айран, сүт ішкен дұрыс. Кешкі ас бір ыстық тамақпен тамақтануға болады. Тек, жоғарыда айтылған тағамдармен шектеу міндетті емес. Үйлесімді тамақтану – бүкіл ағзаға әсіресе жүрек – қантамыр жүйесіне кешенді әсер етеді. Жүрек – қантамырлар жүйесі жұмысының өздігінен реттелу механизмдері қалыпқа келеді. Дене салмағының азаюы, жүрек бұлшық етіне түсетін қосымша салмақты азайтады. Тамаққа жемістер күніне 400 г. кем емес көкөністерді көбірек пайдаланыңыз. Майлы ет пен тәтті тағамдарды азырақ жеңіз. Астық дақылдарынан жасалған тамақтарды пайдаланыңыз. Құрамында магний, калий және кальций көп тамақтарды көбірек жеңіз – деп , кеңестер берілді. Сонымен бірге дәріс сабағында «Дұрыс тамақтану-денсаулық негізі» болатыны туралы

презентация көрсетілді. Сондай ақ, мектебімізде “Ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық зомбылық және жеке бас гигиенасы” тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларына ДТІЖО Э. Балабай, мектеп психологы А. Жолдыбай, мектеп медбикесі А.Елеубаеваның қатысуымен қыздар жиналысы өтті. Қыздардың жеке бас гигиенасы, күнделікті таза, ұқыпты жүруі жайлы түсініктеме берілді. «Қыздарды қырық үйден тию» деп қыздарға пайдалы кеңестер берілді.

https://www.instagram.com/p/CqSLA0pg9yM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CqSLA0pg9yM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «**Біртұтас тәрбие бағдарламасын**» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған **КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ** негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- 4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- 5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- 1.Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- 2.Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп

санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

2023-2024 оқу жылы тамыз айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарланды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

1 қыркүйек күні жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында 2023-2024 оқу жылына арналған 2023 жылдың 1 қыркүйек күні «МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» білім күнінің салтанатты жиынының мектеп алаңында өткізілді.

✓ Шараның басталуы - сағат 9.00;

✓ Шараның ұзақтығы – 40 – 45 минут.

Мақсаты:

Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

31.08 күні «МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» білім күнінің іс – шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Білім күнінің салтанатты жиынға *Балқаш аудандық «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы және директоры Ербаев Күмісбек Жарылқасұлы, Бірлік ауылдық округінің әкімі Елубаев Ернұр Қанатұлы, мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата – аналар қатысты. мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата – аналар қатысты. Жиын барысында Қазақстан Республикасының Гимні орындалып, Мемлекеттік Туы көтерілді. Ортаға алғаш рет мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып оқушылар шақырылды. Алғашқы құттықтау сөз кезегін мектеп директоры Кембебаева Г.З. берілді. Салтанатты жиынға арнай келген қонақтар *Балқаш аудандық «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы және директоры Ербаев Күмісбек Жарылқасұлы, Бірлік ауылдық округінің әкімі Елубаев Ернұр Қанатұлы «Білім күніне» арналған құттықтау сөздерін сөйледі. Салтанатты жиын барысында 1 сынып оқушылары «Білім күніне» арналған жыр шумақтарын оқып, ән айтты. Сондай -ақ қоңырау соғу рәсімі бойынша алғашқы қоңырау соғу салтанатына 11 сынып түлегі Ершиман Диана мен 1 сынып оқушысы Роллан Жәңгірхан қоңырау соғу мәртебесіне ие болды. Салтанатты жиын**

кезінде келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Салтанатты мерекелік жиын жоспарға сәйкес өткізілді. 1 қыркүйек - «Білім күніне» арналған мектепшілік салтанатты жиын соңынан 1 – 11 сынып оқушыларымен «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарын өткізілді. Сынып сағаттары аясында сынып жетекшілер оқушыларға білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту, достық қарым-қатынас, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығы туралы кеңестер берілді.

https://www.instagram.com/reel/Cwsy6dNt3D2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Cws4O7hNjtP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Мектепке жол» Республикалық қайырымдылық акциясы әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік» тақырыбымен өткізілді. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтеді.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады. «Балаларға бірге көмек берейік» акциясы аясында көп балалы отбасынан шыққан, толық емес отбасы (жартылай жетім), аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында тамыз айының басында «Бірлік» Агрофирмасының директоры Қыстаубаев Алмас Әбдіжаппарұлы және Абдіжаппаров Жандос мырза 725 000 мың тг ақшаға 16 отбасына 7 ұл балаға, 9 қыз балаға мектеп формасы, аяқ киім және де сөмке, оқу құрал-жабдықтарын әкеліп беріп оқушыларымызды қуантты. Алмас мырза мен Жандос мырзаға ата-аналар атынан, мектебіміздің атынан алғысымызды айтып, ризашылығымызды білдіреміз. Және де ауылымыздың азаматы Тайбаков Бауыржан мырза мектебіміздің білім алушысы Таиров Амирге мектеп формасы, спорттық киім, аяқ киім, сөмке құрал-жабдықтарымен алып берді, ризашылығымызды білдіреміз. «Көтеріңкі көңіл-күй жанға қуат береді» демекші әрдайым жақсылық жасауды қолдайық.

https://www.instagram.com/p/CvthrpqtUk5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

5-қыркүйек халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. 2023 жылдың 5-12 қыркүйегі аралығында «Тіл – рухани қазына» тақырыбында тілдер апталығы өткізілді. Өнердің ең алды - сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз

баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Апталықтың тақырыбы тіл білімі саласына өлшеусіз мұра қалдырған Ахмет Байтұрсыновтың қанатты сөзі негізінде алынды. Мақсаты: Тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, мектеп оқушыларын елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуле тәрбиелеу.

Апталық салтанатты жиынмен ашылды. Әр сыныптан оқушылар тіл туралы жүрекжарды өлеңдерін оқып, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пән мұғалімдері әнмен шашу шашты. Тілге байланысты әр түрлі ойындар ойнатылып, тапсырмалар орындалды. Тапсырма орындаған сыныптарға сыйлықтар берілді. Тіл апталығы алдын ала жоспарланған іс-шаралар негізінде бекітіліп жүзеге асты. 8 қыркүйек қазақ тілі пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Тіл қаруы – сөз» атты сайыс сабақ өткізілді. Сайыс 6-7-сыныптар арасында өткізілді. Сайыс сабақтың мақсаты: балалардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру, білімді, жан-жақты болуға үйрету, бірнеше тіл білуге, үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру, ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа, шапшаңдыққа баулу, балаларды озық ойлы оқушы болуға тәрбиелеу. Қатысқан сыныптар «Болашақ» және «Жаңғыру» тобы болып додаға түсті. Сайыс жалпы бес бөлімнен тұрды. Оқушылар әр бөлім бойынша білімдерін ортаға салды. Қорытындысы бойынша бал санымен алға шыққан 7-сынып «Жаңғыру» тобы жеңіске жетті. Сайысқа 8 «А», 8 «Ә», 9 – сыныптар қатысты. Сайыстың мақсаты оқушыларды тіл туралы білімдерін ортаға сала отырып, шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жан-жақты болуға тәрбиелеу. Сайыс барлығы бес бөлімнен тұрды. Әр бөлім бойынша белгіленген тақырыптарға сәйкес 100, 200, 300, 400, 500 балдық жүйе бойынша тапсырмалар орындалды. Сайыс қорытындысы бойынша ең үздік деп танылған 8 «А» сыныбы жеңімпаз атанды. 9 - қыркүйек ағылшын тілі пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Fanny English» яғни «Қызықты ағылшын» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Сайыстың мақсаты: Оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын кеңейтіп, Отанға, туған халқына деген сүйіспеншілікті ояту. Елінің кең байтақ мекені мен ондағы құндылықтарды дәріптеуге тәрбиелеу. Әр оқушының рухани азығы – ұлтын, тілін, дінін, ділін құрметтеуге баулу. Ағылшын тілінен деген қызығушылығын арттыру. Іс-шараға 5 - 6-сыныптар арасында өткізілді. Екі сынып екі топқа бөлініп әр түрлі тапсырмаларды орындады. Жарыстың қорытындысы бойынша 6-сынып жеңімпаз атанып, қатысқан сыныптарға сыйлықтар берілді. Тіл мерекесіне арналған апталықтың жабылуын жалпы мектеп ұстаздар арасында сайыс ретінде өткізілді. Сайыстың тақырыбы «Үш тілдің патшалығы» - деп аталды. Мақсаты: «Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады» деп ұлы ақынымыз Ахмет Байтұрсынов айтқандай мемлекеттік тілді қадірлеу, және өзге тілді жетік білу заман талабы екенін ұстаздарымызға насихаттау еді. Викторина телебағдарламаның желісі бойынша өткізілді. Жалпы бес ұяшықтан яғни (қалалар, сөздер, сіз білесіз бе?, иллюстрация және автор) деп аталған бөлімдер бойынша түрлі бағыттағы сұрақтар қазақ, орыс және ағылшын тілінде қойылды. Сұрақтар арасында тіл білімі саласына үлесін

қосқан қазақ және орыс тілінің майталмандары туралы сұрақтар да кездесті. Сайыс сабаққа үш топ болып бөлінге мұғалімдер қатысып, өз білім мен біліктерін ортаға салып, белсенділік танытты. Мектеп кітапханашысы А. Құсайынова "Тіл тұғыры- ұлт ғұмыры" атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Бұл шараның мақсаты: білім алушыларға ана-тіліміздің мәртебесін асқақтатып, ұлттық патриотизімге баулу, білім көкжиектерін кеңейту. Ана-тілін қадірлеу - әр азаматтың парызы. Мемлекеттік тіліміздің мерейі әр қашан биік бола берсін! 8 қыркүйек күні сағат 12:00 - де "Тоғыз ай 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Сергіту сәті" республикалық челленджи 1-11 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

https://www.instagram.com/reel/Cw7Px4cgJgB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Cw0PBu2Nqq8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CxCnmht74k/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Талап: физикалық белсенді болу.

Талап: салауатты өмір салтын ұстану.

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану. Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджи өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)

https://www.instagram.com/p/CxDNLMltOBo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық -зомбылықсыз өмір»

Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу

Ар-ұят: халқына адал қызмет ету. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторының қатысуымен үнемі профилактика Кеңесінің отырыстары өткізіледі. Кеңесте тәртіп бұзған, немесе құқық бұзушылыққа жол берген оқушылардың жеке істері қарастырылады. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары барысында әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, «Мобильдік топ» мүшелері «Әлеуметтік осал топтардан» отбасылардан шыққан оқушыларға рейд жасап үй жағдайы тексеріледі, ата-аналармен профилактикалық әңгімелесулер өткізіледі. «Әлеуметтік осал топтардан» отбасылардан шыққан оқушыларға үнемі бақылау жасалады. Олардың сабаққа қатысуын қадағалап, бос уақыттарын ұйымдастырады. Кәмелеттік жасына толмаған тұлғалармен және оларға қарсы жасалған құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 2023 – 2024 оқу жылы бойынша мектебімізде жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтардың алдын алу және болдырмау мақсатында мектеп оқушылары жүргізілетін профилактикалық жұмыстардың іс – шаралар жоспары Балқаш ПБ-ның ЖПҚБ ЮПТ инспекторлары бірлесе

жасалынып, бекітілді. Жоспар бойынша қыркүйек айында мектеп ұжымы мен мектеп жасөспірімдер тарапынан жасалатын қылмыстарды, құқықбұзушылықтарды болдырмау мақсатында және жасөспірімдердің қараусыз және панасыз қалуына жол бермеу бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Мектепте оқушылармен жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес жиналыстар ұйымдастырылды. Жиналыс барысында мектеп ата - аналары мен 7 -11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмысы жүргізілді. Жиналыстар барысында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Жалпы есепте тұрған қылмыстық іс және әкімшілік жазаға тартылған балалармен жұмыстар жүргізу, сабақтан тыс уақыттағы ата - аналардың міндеттері туралы да түсіндірді. Мектепте жоспарлы түрде түнгі рейдтер жүргізіліп, өтілген рейд бойынша мерзімді түрде есеп жинақталып, түнде көшеде оқушылар ұсталған жағдайда балалар есепке алынып, ата – анасымен тікелей байланыс жасап, ата – ана айыппұл төлейтіні туралы түсіндірді. Бейнеролик ұсынып, соңында оқушыларды жақсы оқып, үйдегі ата – аналарының балаларынан үлкен үміт артып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар, кәзіргі таңдағы ең көп орын алып жүрген қылмыстың бірі буллинг пен кибербуллинг туралы оқушыларға түсіндіріп өтті. Жас өспірімдер арасында өз - өзіне қол жұмсау осы кибербуллингтің ықпалынан орын алуда. Тергеу барысында барлық қылмысқа қатысы адамдар анықталып, қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылатынын түсіндірді. Балаларды жақсы оқуға, спорттық үйірмелеріне қатысуға, кітап оқып сауатты да, ақылды азамат болып өсуге шақырды.

https://www.instagram.com/p/Cxe3M0INFSI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CzvGW1_vQBn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Сонымен бірге «Жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын – алу» мақсатында қыздармен ауылдық аурухана дәргерлерімен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында ауылдық аурухана акушері Шагатаева Г., мектеп медбикесі А.Елеубаева қыз балалармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, мектеп медбикесі А.Елеубаева жеке гигиеналық тазалық туралы әңгіме қозғап, қоғамдық жерлерде тазалық сақтау туралы айтты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Балабай мектеп формасы мен мектептің ішкі тәртібін атап өтіп, сақталуын қатаң талап етіп, ескертулер жасады. Жиналыс соңында оқушылар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

https://www.instagram.com/p/Cxo83-hImvw/?utm_source=ig_web_copy_link

«Абайланыз, балалар!» республикалық айлық акция аясында қауіпсіздік ережелерін насихаттау барысында мектебіміздің 1-8 сыныптарында «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік», «Жол белгілерін білейік, қауіпсіз өмір сүрейік», «Басталар әр қадамың аттауменен, жол жүру ережесін сақтауменен», «Жол белгілері және оның мақсаты», «Өмірімізді сақтайтын бағдаршам» тақырыбында сынып сағаттары тақырыптарында сынып сағаттары өтілді. Сонымен қатар, ауылдық учаскелік кездесу

ұйымдастырылды. Кездесу сабағында инспектор жолда жүру ережесі мен жол белгілерін атап өтіп, түсіндірме жұмысын жүргізді. Кездесу соңында оқушылар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды. Оқушыларға жолда жүру ережесі мен ескерту нұсқаунамалары берілді. «Сіздің балаңыз жаяу жүргінші» тақырыбында сыныптарда ата – аналар жиналыстары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CslprO7NJwf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Cw5JPWDtt3F/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C7OheaKClnk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектепте қыркүйек айында «Отбасы бақыт мекені» апталықтың іс шаралар жоспары жасалынып, жүзеге асырылды. «Отбасы күні» мерекесін іске асыруда тәрбие сағаттарын өткізудегі басты міндеттері: отбасы құндылықтарын қалыптастыру, үлкен ұрпақтың адами тәрбиесінің тәжірибесін қалыптастыру, әрбір ұрпақ өз отбасының тарихын білуі, балаларды моральдық тұрғыдан дамыту, адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі іс әрекетіне анализ жасау, өзін –өзі тәрбиелеу, патриоттық және азаматтық тәрбиені дамыту.

1.« Отбасы –бақыт мекені»- тәрбие сағаттары

1. «Отбасының рухани-адамгершілік тәрбиесі» - әңгіме-сұхбат

2. «Мен және менің отбасым» фото- көрме

Апталық аясында «Мен және менің отбасым» фото- көрме отбасылық дәстүрлер фото көрмесі өткізілді. «Отбасы - бақыт мекені» апталық барысында «Отбасының рухани-адамгершілік тәрбиесі» - әңгіме-сұхбат өткізілді. Әңгіме – сұхбат барысында бейнероликтер көрсетіліп, тренингтер қйымдастырылды. Мектеп психологының ұйымдастырумен 2 – 4 сынып ата-аналармен «2-4 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында ата-аналар конференциясы өтті.

Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі туралы ата-аналардың пікірін білу, талқыға салу. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; тәрбиелеу ісінде кездесетін қиындықтар мен жетістіктер туралы сөз ету. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету. «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында халықаралық отбасы күніне орай іс-шара жоспары құрылып бекітілді. Бұл іс –шараның мақсаты оқушылардың бойына отбасы мәселесінің маңыздылығын, отбасы құндылығын және дәстүрлерін құрметтеу. Отбасы мерекесі – бұл үлкендердің және балалардың арасындағы достық, махаббат, өзара түсіністік таныту және өзара көмек көрсету. Балаларға отбасын құрметтеу , қарым- қатынас құндылықтарын жеткізу болып табылады. Осы орайда сынып оқушылары арасында «Отбасым мақтанышым» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. «Отбасы –бақыт мекені», «Отбасы-шағын мемлекет»,«Бақытты отбасы-бақытты бала» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Мектеп психологі «Отбасы өмірің мәні» тақырыбында ата-аналар назарына қашықтықтан «WhatsApp» желісі арқылы кеңес ұсынды.

5-7 сынып оқушылары арасында «Біз бақытты отбасы» тақырыбында фото конкурс ұйымдастырылып, бастауыш сынып аралығында «Бақытты отбасы» сурет тақырыбында шығармашылық сурет байқауы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Балабай Эльмираның ұйымдастыруымен ата-аналарымен балаларына біріктірілген «Отбасы – аялы алақан мекені» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында ойындар ойнатылып, отбасы құндылықтарын ашу бойынша тапсырмалар орындалды. Тренингке атсалысқан отбасыларға мадақтамалар ұсынылды. Адам өмірі отбасынан басталады, азамат болып қалыптасуы да осында өрбиді. Отбасы - сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның дінгегі. Отбасының аман-саулығы - әрбір елдің дамуы мен келешегіні өлшемі. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желі парақшаларына жүктеледі. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Балаға жауапкершілікпен қарау, оқыту мен адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындап, бірлесе, ынтымақтаса әрекет ету қажет екендігі айтылды. 25.09.2023 жылы мектеп АКТ залында «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер, мектеп ережесі, мектеп формасы, ата-аналар мен оқушылардың міндеті, оқушылардың сабаққа қатысуы, оқушылардың түнгі көшеде балалардың жүруі, т.б айтылды. Ата-аналарды ойландырып отырған мәселелер мектепте істелген жұмыстарға тоқталып және таныстырып өтті.

https://www.instagram.com/reel/Cz4KucsiR1/?utm_source=ig_web_copy_link&ig_sh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CynM0kfgoyH/?utm_source=ig_web_copy_link&ig_sh=MzRIODBiNWFIZA==

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы №1147 қаулысымен бекітілген жоспарына сәйкес 28.09.2023ж күні сағат 10:00 де мектебімізде бірыңғай "Адалдық сағаты" ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты: 1. Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік бере отырып, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды тағы басқа адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. 12.09.2023жылы мектеп оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау» тақырыбында кездесу- кеңес өтті.

Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру,білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды

құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Баяндама оқылып, талқыланып оқушылардың ой- пікірлері тыңдалды. Әсіресе оқушылар жағдаяттарды шешуге белсене қатысты.

https://www.instagram.com/reel/C31XNuPi3MX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Ct1JXhsN51B/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

28 қыркүйек күні мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып төрт оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты. Сайлауға 8 үміткер өзін ұсынды. Олар: 9-10 сынып оқушылары. Мектеп президентін сайлауға жалпы 70 оқушы қатысты. Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді. Нәтижесінде мектебіміздің 10 сынып оқушысы Қыдыргелді Жан басым дауысқа ие болып, мектеп Президенттілігіне сайланды. «Жас Ұлан» ұйымының құрамы: Тәртіп министрі 9а сынып оқушысы Жансейіт Жібек, спорт министрі 10ә сынып оқушысы Ыбраш Нұртас, мәдениет министрі 9а сынып оқушысы Асхатқызы Ләззат, тазалық министрі 9а сынып оқушысы Талғатқызы Мөлдір, қыздар басшысы 10ә сынып оқушысы Ақжолқызы Жайна, ұлдар басшысы 10ә сынып оқушысы Қуанышбек Расул болып тағайындалды.

2023-2024 оқу жылындағы «Парламент» фракциясының құрамы: Құқық және тәртіп фракциясына 9ә сынып оқушысы Серік Құралай, ақпарат фракциясына 9ә сынып оқушысы Әділбек Аружан, спорт және салауатты өмір салты фракциясына 10а сынып оқушысы Таңатаров Досымжан, өзін-өзі тану және бақыт фракциясына 9а сынып оқушысы Мұратұлы Айбол, қамқорлық фракциясына 9а сынып оқушысы Ермекқызы Аружан, мәдениет және өнер фракциясына 10ә сынып оқушысы Ердана Айым, дебат қозғалысының фракциясына 10ә сынып оқушысы Әшімжан Талант, экология және еңбек фракциясына 10а сынып оқушысы Бақытжан Арна тағайындалды. Ұйым мүшелері қыркүйек айында жоспар бойынша толық талаптарымен танысты.

https://www.instagram.com/reel/CzCv7GwCMJk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ұстаздар мерекесіне байланысты мектепте «Мұғалімдер күні» мерекесіне орай бұйрық шығарылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралар өткізу мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Мектептің «Өзін - өзі басқару» ұйымының оқушыларымен «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында ұлы мамандық иелеріне арнап «Ұстаздар күніне» арналған мерекелік іс шаралар ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары, «Өзін - өзі басқару» ұйымының оқушылары ұстаздарын төл мерекелерімен құттықтап, ұлы мамандыққа бас ию, құрмет көрсету мақсатында ұстаздарға арнаған мерекелік жылы лебіздерін өлең шумақтарын бейнероликтер арқылы

өз тілектерін жолдады. Сонымен бірге, «Ұстаздар күніне» арналған мектеп парламентінің мүшелерінің ұйымдастырумен «Дублер» күні өткізілді. Мақсаты өзін – өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. Алдын ала «Дублер күні» жоспарлап өткізілетін сабақтар, сынып сағаттарының және басқа да іс-шаралардың міндеттерді нақтылау үшін дублер-білім алушылардың жиналысын ұйымдастырылды және өткізілді. «Дублер күні» кезінде лауазымы мектеп оқушысы ауыстырылатын тұлғалар оларды ауыстыратын мектеп оқушыларымен нұсқаулықтар берілді. «Ұстаздар күні» мектебіміздің ардагер ұстаздарын «Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» тақырыбында мектеп оқушылары құттықтады. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 11 сыныптармен «Ұстаз ұлы тұлға» атты бірыңғай сынып сағаттары жүргізілді. Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздық мамандықтың қиындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. «Ұстаздар күніне» арналған салтанатты шараның соңы мектептің өнерпаз жастарының ұстаздарына тарту ретінде әзірлеген концерттік бағдарламасына ұласты. Концерттік бағдарлама барысында мектеп оқушылары өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетіп, ұстаздарға және ардагер ұстаздарға арналған жылы тілектері мен алғыстарын білдірді. Іс – шараның соңында, мектеп фойесінде «Өзін – өзі басқару» ұйымының оқушыларның ұйымдастырумен әр мұғалімге арнайы өлең шұмақтарын арнап, құттықтау ашық хаттарын сыйлады. Елімізде жыл сайын қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын "Ұстаздар күні" мерекесі мектепте өз деңгейінде аталып өтілді.

https://www.instagram.com/reel/CyC31tVtOm0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектепте «25 қазан – Республика күнін» мерекелеу арналған бұйрық шығарылып, іс шаралар жоспары құрылды. Республика күнін атап өту тұжырымдамасы аясында іс - шаралар жоспарланды. «25 қазан – Республика күнін» мерекелеуге салтанатты жиын өткізіліп, мектеп директоры Г.Кембебаева құттықтау сөз сөйледі. Жиынның мақсаты – оқушыларымызды патриоттық тәрбиеге, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеуге, қайсар, өр рухты тұлға қалыптастыруға баулу. Салтанатты жиында жалпыреспубликалық бірыңғай «Патриотизм дауысы» тақырыбында Мемлекеттік Гимнді орындалды. Республика күнін мерекелеу аясында барлық сыныптарда үлгі тәрбие сағаттары өтті. Мерекеге арналған «Республика күні – ұлттық мереке» тақырыбында мектеп кітапханашысы Кусайнова А. ұйымдастырумен кітап көрмесі жасақталды. Көрмеге Қазақстанның тарихы туралы кітаптар, сонымен қатар қазақ хандығының тарихына байланысты кітаптар, қазақстанның құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы туралы әдебиеттер қойылды. Аталған көрменің мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның егемендік алғанан кейінгі қалыптасу тарихымен таныстыру, сондай-ақ мемлекет және құқық тарихы, қазақстанның

құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы туралы әдебиеттермен танысу, сонымен қатар, еліміздің егемендік тарихындағы айтулы кезеңдердің баяндалуы болды. «Республика күніне» орай «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымына 1 сынып оқушыларын қабылдау рәсімі өткізілді. Рәсімде «Жас қыран» ұйымына қабылданған жеткіншектер АНТ беріп, елін, жерін, Отанының патриоты болатын айтты. Рәсімге мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер және оқушылар қатысты. Сонымен қатар, «Республика даусы» атты мектепшілік Республика күніне орай концерт ұйымдастырылды. Концертке мектеп ұстаздары, оқушылар қатысты. Сонымен бірге ауылдық мәдениет үйінің жетекшісі Мадиев Төлеген қатысып, мерекеге ән тарту етті және де Бірлік ауылдық округінің әкімі Елубаев Ернұр Қанатұлының атынан мектептің бірнеше ұстаздарын «Алғыс» хатпен марапаттады.

https://www.instagram.com/reel/Cyq6f19NFKO/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/Cy1ZMULAKiU/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/Cy1ci9pAUG6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CzCmVkptf8N/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CzCv7GwCMJk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде «Арайлы алтын күз» тақырыбында күзгі бал өтті.

Мақсаты: Оқушылардың әртістік қабілетін дамыту, еңбексүйгіштікке баулу, табиғатты сүюге тәрбиелеу, ауызбіршілікке бейімдеу. Күзгі бал сайыс түрінде өтті, сайыс ерекше форматта өтті. Мультфильм кейіпкерлерін сомдап, әдемі көрініс көрсетті. Бастауыш сыныптар жәрмеңке жасап, күзгі піскен жемістерден экибана, мозайка жасап әсемдеді. Сонымен қатар, сән үлгісін көрсетіп, мультфильм кейіпкерлерін сомдап, би билеп жақсы нәтиже көрсете білді. Жоғарғы сыныптарда күзгі «Венндік» балл ұйымдастырылып, Күз ханшайымы мен Күз ханзадасы» анықталып, 10ә сынып оқушылары Әшімжан Талант пен Айым Бас жүлдеге ие болып, марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/CzCy2QECVHL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CzCwp8Ji2Q6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CzIa8U0trso/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу.

Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу.

23 қазан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қазан айындағы жоспар бойынша бірыңғай «ГИМН» орындау челенджі өткізілді.

Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу.

Қараша айында «Өрт қауіпсіздігі туралы ережелері» тақырыбында 1 – 11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарының мақсаты: Балалар мен жасөспірімдер арасында өртке қарсы білімді насихаттау, балалар ойындары мен отпен ойнаудан болатын өрттердің алдын алу, балаларды өрт қауіпсіздігі ережелеріне оқыту бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру, Бірінші сыныпта өрт қауіпсіздігі туралы әңгіме өтті. Балалар естеріне түсіріп, себептері алуы мүмкін өрт. Біз өрт кезінде өзін қалай ұстау керектігі, жанғыш заттар, өрттің қауіптілігі туралы презентациялар көрсетілді. Сынып сағаттарының соңында оқушылар қорытынды жасап: «Біздің өміріміз қызықты, қызықты және қауіпсіз болуы үшін - мінез-құлық ережелерін сақтау, төтенше жағдайларға ден қою және түрлі қауіптер туындаған кезде көпшіл болу керек» деген қорытынды жасады. 5 – 8 сынып оқушылары үшін Бірлік ауылындағы «Өрт сөндіру» бөліміне экскурсия ұйымдастырылды. Оқушылар өрт сөндіруші Жұбаназаров Талғат ағаны мұқият тыңдады, ол өрт туындаған жағдайда өзін қалай ұстау керектігі және оның жұмысы туралы айтты. Оқушылар өрт сөндірушілерге бір-бірімен сұрақ қойды. Экскурсия өте қызықты болды, балалар бір-бірімен әсерлерімен бөлісті, бірақ ең бастысы олар өрт сөндірушілердің жұмысы көбіне өзімізге байланысты екенін түсінді. Барлық сыныптарда «Өрт қауіпсіздігі» бірыңғай сынып сағаттары өтті, оның барысында өрт туындаған жағдайда өзін-өзі ұстау ережелері мен өрттің алдын алу шаралары туралы айтылды. Мектепте «Өрт қауіпсіздігіне» байланысты бұрыштар бар, онда оқушылар өздері үшін маңызды ақпаратты ала алады, Өрт қауіпсіздігі ережелерін есте сақтайды, сондай – ақ Бірыңғай шақыру нөмірін есте сақтайды-01! 8-10 сынып оқушылары «Біз өрт қауіпсіздігін сақтауды қолдаймыз» бейнероликтерін дайындады. Балалар белсенділері осы тақырып бойынша табиғатқа ұқыпты қарау, оның ішінде өрттен қорғау ережелері көрсетілген парақшалар жасап, таратты. Сонымен қатар мектеп қызметкерлерімен ӨҚ ережелері бойынша нұсқаулық өткізілді.

https://www.instagram.com/tv/CAO_GBujMQV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/B_VMXQUIZ_i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: халқына адал қызмет ету.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында 5-9 сыныптарда, «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында 4 – 11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты: Қоғам игілігі үшін қызмет ету, адал еңбекті құрметтеу, физикалық белсенді болу.

Қыркүйек айында «Еңбек күннің» мерекелеуге байланысты «Еңбек адал жас өрен» жобасы аясында «Еңбектің наны тәтті», «Еңбек түбі – береке», «Бақыт кілті – еңбекте», «Адал еңбек - нағыз еңбек» тақырыптарында сынып сағаттары өткізіліп, 1 сыныпта сурет байқауы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CxDNLMltOBo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CxDNLMltOBo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Талап: салауатты өмір салтын ұстану, физикалық белсенді болу.

«Ұлттық Мектеп лигасы» – жас таланттарды табуға мүмкіндік беретін спорттық жарыстар, мектеп спортындағы ерекше жоба. Осы жоба аясында мектебімізде «Әлемді бағындырар спорт жұлдыздары» тақырыбында 8 – 10 сыныптар арасында эстафеталық жарыстар өткізілді. Спорттық іс-шараның негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту және насихаттаумен қатар, оқушылардың рухани қайрат – жігерін шыңдап, патриотизмге тәрбиелеу. Лигада баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, футбол, асық ату, бес тас, үстел теннисі, Президенттік сынама бойынша жарыстары болып өтті. Асық ату бойынша челлендж ұйымдастырылып, оқушылар белсене қатысты.

Желтоқсан айының бірінші аптасында «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында 1 – 11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, білуге, жаңаны тануға құштар болу, халқына адал қызмет ету. «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында отбасылық спорттық байқау ұйымдастырылды. Байқауға «Ақжоловтар отбасы», «Түркіменовтар отбасы», «Тансыкбаевтар отбасы» қатысып, әртүрлі кезендер арқылы сайысқа түсті.

https://www.instagram.com/reel/CxcMxOZNRJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Czv_AAjCqd0/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/C0QtU4Fi5zJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Талап: салауатты өмір салтын ұстану, физикалық белсенді болу.

«Салауатты өмір салты» іс – шаралар аясында «1 желтоқсан - СПИДке қарсы күрес күніне» байланысты «СПИД - ғасыр дерті» тақырыбында сынып сағаттары, 1 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді. Іс-шаралар барысында мектеп медбикесі Асел Елеубаева СПИД індетінің таралу бағыттары, одан сақтану жолдары туралы оқушыларға дәрістер оқып, сынып жетекшілер сынып сағаттары барысында бейнероликтер көрсетті. Биология пәні мұғалімі Оспанова Айнұр тақырыптық презентациялармен таныстыра отырып, СПИД індеті туралы оқушылардың сұрақтарына жауаптар берді. Басты байлық – денсаулық. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші кейінгі ұрпақтың СПИД қармағына ілінбей, жарқын болашаққа нық қадаммен аяқ басуына бір кісідей атсалысайық ағайын! Сонымен қатар, Елеубаева. "Біз туберкулезді жеңе аламыз!" девизіне түсіндірме жұмысын жүргізді. Туберкулез — өкпені жиі зақымдайтын кең тараған жұқпалы ауру. Адам туберкулезбен (басқаша — құрт ауруы, сему, фтизис) баяғы заманнан бері ауырып келеді. Вирус түрлерін мектеп медбикесі А. Елеубаева таныстырады. Гепатит инфекциясын қауіпсіз тамақ өнімдері мен суды (А және Е гепатиті) қамтамасыз ету, вакциналар (А, В және Е гепатиті) арқылы, донорлық қанды тексеру, стерильді инъекциялық жабдықтарды қамтамасыз

ету және инфекциялық бақылау (В және С гепатиті) арқылы болдырмауға болады.

https://www.instagram.com/reel/C4Gnv0DilUM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4GsQlRAuL6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу. Мектепте «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне» арналған іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» тақырыбында 5,6,7,8,9 сыныптар, «Көк тудың желбірегені» тақырыбында 1-4 сыныптар, «Менің Отаным Қазақстан, Тәуелсіздік тағлымы», «Лаула, лаула желтоқсанның мұзда жанған алауы» 10-11 сыныптар үлгі сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты: Оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беру. Оқушыларды өз тәуелсіз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, отаншылдыққа, елжандылыққа, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу. «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында шахмат, дойбы, стол теннисі ойындарнан спорттық жарыстар, «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Ұлттық ойындар асыл мұрамыз» тақырыбында асық ату жарыстары ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасында «Тәуелсіздік – тұғырым!» көрме ұйымдастырылып, көрмеге еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы қаламгерлердің жазған еңбектері мен тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтылды. Көрме арқылы мектеп оқушыларына Тәуелсіздік туралы ақпараттар берілді. «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға оқушылар «Еліміздің Тәуелсіздігіне» арналған туындыларын бейнеледі.

https://www.instagram.com/reel/C1HC8JNA7CF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C1HETZTAaxr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1HEWNPav11/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1HEIX3gHox/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1HFD8QAH2E/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1JIExoARM9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде желтоқсанның 27-28 күндері 1-11 сынып оқушылар арасында «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында мерекесі өткізілді. Мереке қарсаңында мектептің спорт залы әсем безендіріліп, шырша құрылды.

Мектептің безендірілуіне және мерекенің өтуіне «Өзін – өзі басқару» ұйымының оқушылары белсене қатысты. Мектепішілік өткізілген шыршаға «Өзін өзі басқару» ұйымының мүшелері мультфильм кейіпкерін сомдап, Аяз Ата мен Ақшақар киімдерін киіп, жаңа жылдық кештің сәнін келтіре түсті. Сонымен қатар, сынып жетекшілер оқушыларына тосын сый ретінде санта Клаус киімін киіп, биін тарту етті. Сонымен қатар, Президенттік шыршаға мектебімізден жартылай жетім оқушы Бейсенбек Інжу барып, қатысып қайтты. Президент шыршадан 100 000 тг сертификат пен балаларға арналған тәтті дорба алып қайтты. Сондай ақ, аудандық әкімшілік шыршасына аз қамтылған отбасынан 6 сынып оқушысы Айнұр мен 3 сынып оқушысы Жасқайрат Мадина жартылай жетім отбасынан аудан әкімінің шыршасына қатысып, қыстық күртеше мен Аяз Атаның тәтті салынған дорбасын алып қайтты. Көңілді өткізілген шыршадан керемет көңіл күймен қайтты.

27 желтоқсан күні Білім бөлімінің басшысы Динара Нұржаханқызы, мектеп директоры, тәрбие орынбасары, әлеуметтік педагог, аяз ата ақшақарымен үйден оқытылатын Дарханұлы Ернұрды арнайы келіп жаңа жылдық сыйлықтарын табыстап жаңа жылымен құттықтады. Барлық балалар мәз болып, көңілденіп, Жаңа 2024 Ұлу жылы керемет көңіл күймен қарсы алды. Жиналған қауым өте жақсы көңіл күйде болды. Нәтижесінде, мектебіміздің жаңа жылдық мерекесі «Өте жақсы» деңгейде өтті.

https://www.instagram.com/reel/C1SEUKzNQp3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1SGn0itZGF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C1SHGBwtSD1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C12LP5YCpH4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C199SviCUSH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ұлттық мүдде:

«Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы аясында қазақ тілі пәнінің мұғалімдері, мектеп кітапханашысы 1-11 сыныптар арасында **әдебиет әлемінде өзіндік із қалдырған қарымды қаламгер, драматург, журналист, көптеген кітаптың авторы Бек Тоғысбаевтың** шығармаларынан әдеби кеш өткізілді. Сонымен бірге, кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1 – 4 сыныптар оқушыларының қатысуымен «Мен оқыған бір ертегі» атты ертегілер оқуын ұйымдастырылып, бірге талқыланды. Кітапханаға жиналған бастауыш сынып оқушылары кітапхана қорындағы келген ертегі кітаптарымен танысты, өздері оқыған ертегілерінен өздеріне ұнаған жағымды кейіпкерлерін талқылады. Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға, ойын еркін жеткізе білуге, ізденімпаздылыққа баулу.

https://www.instagram.com/reel/C12id6dAWUt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C143Hetik5j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

12 қаңтар күні Кеңестік мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың туылғанына 112 жыл толуына орай 5 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Төлжарасова Айгүл апай және кітапханашы Кусайынова Айнұр апайлардың ұйымдастырылуымен «Туған жерін түлеткен ұлы тұлға» атты тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Сабақ барысында Д.А.Қонаевқа арналып өлең-жыр оқылып, бейнефильм көрсетілді. «Д.А.Қонаев – ұлы тұлға» «Дана тұлға, дара тұлға – Қонаев!», «Заманның зарғар тұлғасы», «Халықты ұлықтаған ұлы тұлға» тақырыптарында барлық сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: Д.А.Қонаевтың қайраткерлік өмірінен мағлұмат беру. Өмірде ұлы тұлға болып қалыптасқан атамызбен білім алушыларды жақын таныстыру. Кітапханада «Қазақ тарихындағы ірі тұлға» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Д. А. Қонаевтың суреттері, ғылыми еңбектері, баспасөз материалдарында жарияланған мақалалары қойылды.

https://www.instagram.com/reel/C2Ef5VdiO47/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1if2HgCJk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C2ArxbDCzw1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C2EldPgiMBr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.

«Ата-аналар мектебі» жобасы «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында 8 – 11 сынып қыздарының арасында аналарымен бірге қыздар ұйымының жетекшісі

Д. Қайырғалидің ұйымдастырумен сырласу кеші өткізілді. Сырласу кеші барысында қыз бала тәрбиесіне байланысты пікір алмасты. Сәулетті ана болғанда саналы ұрпақ болады. Қыз – өмірдің қызғалдағы, қыздар – болашақ ана деп аналардың құрметіне мектеп ұстаздары Күзенбаева Ж., Сейітқұл А. «Ана» тақырыбында аналарға арнау арнады. Кешімізге келген аналарға жақсы тілегімен мектеп директоры Г. Кембебаева сөз сөйлеп, аналарға жылы лебіз тілектерін айтты. Мектеп психологы Жолдыбай А. аналарға арнаған коучинг өткізді. Коучинг барысында аналарға үш кезеңнен тұратын тапсырмалар беріліп, суреп салып, өздерінің қыздарына деген сезімдерін жеткізе білді.

https://www.instagram.com/reel/CzsrzcJggZM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың алдын алу жұмыстары бойынша 8,9,10 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып жетекшілер «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың,

зорлық - зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың» тақырыптарында өткізді. Сынып сағаттарының мақсаты: Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру, құқықтық сауатқа тәрбиелеу, қоғамдағы зорлық - зомбылыққа байланысты өзекті мәселелерді талқылау, оқушыларға кәметке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшеліктерін түсіндіру. Сынып сағаттары барысында «Оқушылар зорлық - зомбылық дегеніміз не?», «Зорлық - зомбылықтың түрлері қандай?», «Зорлық - зомбылықты қандай адамдар жасай алады?», «Зорлықтан, құлдықтан аулақ болу үшін не істеу керектігі» жөнінде ақпарат алып, бейнероликтер көрсетілді. Осы тақырып төңірегінде оқушылар өз ойларымен бөлісіп, белсенділік танытты.

https://www.instagram.com/reel/CzvGW1_vQBn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Csa6CReAkoC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. Мектебімізде 11 сынып жетекшілері Жұмали А. Мен Алмат Р., тәрбие жұмысының орынбасары Э. Балабай, психологы А. Жолдыбай «Профи TIME» мамандықтар әлемінде тақырыбы бойынша 10-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Оқушыларға кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өсіруге, оқытуға, тәрбиелеуге жетелейді. Кәсіби бағдар берудің басты мақсаты – оқушыларға мамандық таңдау туралы шешім қабылдауға қолдау көрсетеді. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс барысында оқушылар мамандықтар әлемімен танысты. Оқушыларға ҰБТ туралы мәліметтер, Қазақстандағы барлық колледждер т.б QR кодтар арқылы көруге болатындығы түсіндірілді, университет жайында Кәсіби және қызығушылық танытқан мамандықтарға қатысты кеңестер беріліп, брошюралар таратылды. Таңдаған мамандықтар туралы ақпарат берілді. Алдағы уақыттарда кәсіби бағдар беру мақсатында іс-шаралар жалғасын таппақ. Мектеп психологы А. Жолдыбай кездесу барысында тренинг жүргізді. Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында мектебімізде «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» жобасы жүзеге асырылуда. Осы жоба аясында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары арасында акция ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды қоршаған ортаны аялауға үйрете отырып, қалдықтарды қайта өңдеуге, пластикалық, қағаз қалдықтарды табысқа айналдыруға баулу. Оқушылар қызығушылық танытып, түрлі қызықты бұйымдар әзірленді.

Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Көңілді старт» атты отбасылық өнер сайысы ұйымдастырылды. Байқауға Анипиндер отбасы, Тайбаковтар отбасы, Болысбаевтар отбасы, Елубаевтар отбасылары қатысып өз өнерлерін көрсетіп, сынға түсті. «Мен және менің отбасым!» таныстыру, «Өз өнері», «Қол өнер» кезеңдері бойынша сайысқа түсті.

https://www.instagram.com/reel/C7CkXGEiuXf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Талап: физикалық белсенді болу.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы негізінде оқушылардың денсаулығы мен әл – ауқатын нығайту үшін «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» тақырыбында 5,6,7 сыныптар арасында ұлттық ойын асық атудан сайыс ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның мақсаты: – ұлттық дәстүрлер туралы білімді толықтыру; – қазақ халқының тыныс-тіршілігіне байланысты ұлттық ойындар ойнауға үйрету; – оқушыларда қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

https://www.instagram.com/reel/C4nusP9iDxf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Czv_AAjCqd0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «М.Мақатаев – поэзия хан тәңірі» тақырыбында 05.03.2024ж.күні мектебімізде ақиық ақын, халқымыздың мақтанышы – Мұқағали Мақатаевқа арналған әдеби-сазды кеш өтті. Кештің мақсаты ақиық ақын, артына өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, өлеңдері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу. Іс шара жүргізушінің сөзімен басталып, ақынның өмірі жайлы «Менің анкетам» өлеңі оқылды. Сосын оқушылардың дайындығы бойынша, ақынның өлеңдері мен сөздеріне жазылған әндерін орындады.

https://www.instagram.com/reel/C3GKVm5CvfG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.

«Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту» тақырыптарында 5 – 9 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында оқушыларға жан жақты ақпараттар беріліп, таныс емес номерден келген қоңыраулар мен хаттарға жауап бермеу керектігі ескертілді. Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу сынып сағатының басты мақсаты болды. Оқушылардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату. Сынып сағаты барысында оқушыларға бейнероликтер көрсетіліп, сұрақтар берілді.

https://www.instagram.com/reel/CxxZrvBATpC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

1 наурыз – Алғыс айту күні Мақсаты: Алғыс айту арқылы оқушылардың санасына бір-бірі деген құрметі, отбасындағы сыйластық, жас ұрпақтың ата-аналарына, үлкенге деген құрметі туралы түсінік қалыптастыру. 1 наурыз «Алғыс айту» күніне мектепшілік іс - шаралар жоспары құрылып, таныстырылды. «Алғыс айту» күніне орай «Алтын жүрек» челленджі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, сыныптарда «Алғыс айту күніне» орай бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. «Мектеп Парламентінің»

ұйымдастыруымен мектеп ұжымына, мектеп қызметкерлеріне алғыс білдіріп, қуанышқа бөледі. Сонымен қатар, мектепте педагог – ұйымдастырушы Д. Қайырғалидің ұйымдастырумен «Алғыс айту – парызым!» тақырыбында кездесу кеші болып өтті. Кеш қонақтары ардагер ұстаздар, үздік оқушы ата-анасы, кітапханашы шақырылды. Оқушылармен кездесіп, пікір алмасып, еңбек жолдарымен бөлісті.

https://www.instagram.com/reel/C37_2tYiNME/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4DrYCTi4y1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4EGamxAjji/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C30MZyCgx48/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«8 наурыз Халықаралық әйелдер, қыздар» мерекесіне орай, 6 наурыз күні 1-4 сыныптар аралығында «Кішкентай ханшайым, әкесімен болшы айым!» атты қыздар мен әкелері арасында сайыс болып өтті. Мақсаты: әке асқар тау, отбасының тірегі, қыз балаға мейірім таныта отырып, мейірімділікке, инабаттылыққа, ізеттікке баулу. Сайыс өте жоғары деңгейде өткізілді. Әкелері мен қыздары өнер көрсетіп, көрермендер көзайымына айналып, марапаттарға ие болды. Сонымен қатар, 5-8 сыныптар арағында «Анамды сыйлап өтемін!» атты ұлдар мен ана арасында сайыс өткізілді. Сайыста аналарымен ұл балалар арасында қарым қатынасты нығайту. Ұлдар аналарына арнау арнап, тосын сый жасап, аналарын бір қуантты.

https://www.instagram.com/reel/C4Wu9OHiBSn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4dxIIiYda/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«22 наурыз – Наурыз мейрамы», «Қош келдің Өз-Наурыз!» тақырыбында мерекелік іс – шаралар ұйымдастырылды. Төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрін қалыптастырып, оның мазмұнын идеологиялық мәнмен байыту үшін жыл сайын 14 – 23 наурыз аралығында өткізілетін Наурызнама онкүндігін жариялап, оның әр күнін белгілі бір тақырыпқа арнау ұсынылды.

14 наурыз күні «Көрісу күніне» орай оқушыларға адамдар арасында өкпе, реніштерін кешіріп, бір-біріне амандық, саулық тілеу, қыстан аман-есен шыққанына қуану мақсатында сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізіп, әлеуметтік желіге жарияланды. 15 наурыз күні «Ұлттық киім күніне» орай Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың үндеуімен «Ұлттық киімнің өзі ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді наурыз мейрамында ғана емес, ұдайы киіп жүрсе жарасымды болары сөзсіз» екендігін баса айтып өтті. Осы үндеуді назарға ала отырып, мектебіміздің ұжымдастары мен мектеп білім алушылары бірыңғай ұлттық киім киіп, ұлттық мәдениетімізге үлес қосты. 17 наурыз "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өтетін "Қайырымдылық" күніне орай балалардың жазғы сауықтыруын қамтамасыз ету мақсатында "QH

Жаздық жолдама-2024" бойынша мектебіміздің 4 оқушысына жолдама табыс етілді. 20 наурыз күні Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі 1-11 сыныптар аралығында «Қош келдің, Әз Наурыз» тақырыбында наурыз мерекесін қарсы алу іс шарасы өтті. Мақсаты: Наурыз мейрамы арқылы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт- дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Аталмыш мерекеге ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесінің төрайымы, ауылымыздың құрметті қонақтары қатысты. Мерекеде Қыдыр ата келіп, тұсау кесу, асық айту, арқан тарту, ән, би биленіп, қазақтың ұлттық киімдерінен сән үлгілері көрсетілді. Барлық өткізілген іс – шаралар мектебіміздің әлеуметтік желілеріне жүктеліп, сілтемелері аудандық білім бөліміне уақытымен жіберіліп отырады. «Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз» мерекесі мектебімізде өз мәнінде аталып өтті.

https://www.instagram.com/reel/C4mrD5DCdL0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4gNxGcCX1I/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4fidIMi0IJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4f5vXLic7d/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4gAeFuiOxS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4n8JRkCIB4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C5B0ExcCmcU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу. Жыл сайын «1 наурызда Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күні» аталып өтіледі. Осы шара аясында оқушыларға «1 наурыз - Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне» орай қорғану тәсілдері мен құралдарын түсіндіру, азаматтық қорғаныс төтенше жағдайларда қандай іс-қимылдар жасалуы қажет екендігі жауапкершілік көзқарасын тәрбиелеу қалыптастыру, насихаттау мақсатында 1.03.2024 жылы «Бірлік орта мектебі» МКМ «Азаматтық қорғаныс күніне» байланысты іс - шаралар жоспарлы түрде өткізілді. Түсіндірме жұмыстарын алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі Анипин А. нұсқауымен өткізілді. Сонымен бірге, 6 сыныпта «1 наурыз - Азаматтық қорғаныс күні» тақырыбында үлгі сынып сағаты өткізілді. Түсіндірме жұмыстары аяқталған соң, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұйымдастырылып отырған жиын мақсатын түсіндіріп, азаматтық қорғаныс туралы кеңінен ақпарат беріп, жиынды қорытындылады. Өткізілген іс – шаралар әлеуметтік желілерге жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/C3bnL2CD5j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теріс субмәдениеттердің таралуына жолбермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу мақсатында тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CzGSi5qA_Ed/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Достық – көмекпен мықты» 1 – 4 сыныптар тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып жетекшілер оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым -қатынасын нығайту туралы бейнероликтер көрсетті. Технология пәнінің мұғалімі Қ. Буратайдың ұйымдастырумен «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» көрмесі өтті. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Ұлттық киім –ұрпаққа мұра» тақырыбында қазақ халқының ұлттық киімдерінің көркем үлгілерін насихаттау және әлемнің қазақтың бағалы, көне ұлттық киімдеріндегі ою-өрнектерді сақтай отырып, заманға қарай ыңғайлы сан алуан әшекейлермен көмкерілген киімдерді күнделікті өмірде қолданысқа енгізу, ұлттық киімдер арқылы жастардың бойына патриоттық тәрбие беру мақсатында сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C3XO21gZD1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C3N6P0ltq2g/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C3NsY_4tMfs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C2RmZr8gIVv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Құстар - біздің досымыз» биология пәнінің мұғалімдерінің, сынып жетекшілердің ұйымдастырумен сыныптан тыс іс-шара өтті. Іс - шарада оқушыларға жалпы құстардың пайдасы туралы мағлұматтар беріліп, құстарға қамқор болуға, құстарды аялауға байланысты бейнероликтер көрсетілді. Бейнероликтер оқушыларға жыл құстарының көктемде оралуын, олардың азайып кетуінен сақтандыру, құстар туралы ой-өрістерін, түсініктерін дамыту мақсатында көрсетілді. Бастауыш сынып оқушылары ата – аналарымен бірлесе отырып жыл құстарына ұя жасады. Сонымен бірге, «Құстар – біздің досымыз» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастырумен «Менің әкем – жақсы адам» эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: Отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байқауға мектеп оқушылары арасынан 18 оқушы қатысты. Барлығы өз ойларымен, өз әкелері жайлы мол мағлұмат берді. Өз әкелерін әртүрлі теңеулермен теңдестірді. Әкелеріне деген құрметтерінің жоғары екендігін көрсетіп, әрқашан сыйлайтындықтарын айтып өтті.

Талап: физикалық белсенді болу.

12 сәуір – Ғылым күніне арналған «12 сәуір күні - Ғарыш күні», «Ғарышты бағындырған «Ғарыш әлемі» сурет байқауы, «Ғарыш және біз» жобалар

байқауы 1 сынып оқушылармен, «Мен ғарышкер боламын» ертеңгіліктер өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C5rC0B_iDJZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.

Мектепте «Мамыр – Ынтымақ айы» аясында өткізілген іс - шаралардың жоспары жасалынып жүзеге асырылды. Мақсаты: Балалардың әлеуметтік, қоғамдық тәрбиеге баулу, бірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу мен отаншыл, мемлекетшіл, туған жерді қастерлейтін, адал, жауапкершілігі мол, мейірімді, бауырмал, сыни ойлайтын, қаржылық сауатты, үнемшіл, еңбекқор, жасампаз тұлға қалыптастыру. 30 сәуір күні қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастырумен «Бірлік, Жасампаздық» тақырыбында 1 – 4 сыныптар арасында диктант, 5 – 11 сыныптар арасында эссе жазды. Қамтылған оқушы саны: 197.

«1 мамыр – Бірлік пен Татулық мерекесі» күніне орай үлгі сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттардың мақсаты ортақ, яғни оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, достық пен ынтымақтастықта өмір сүруге тәрбиелеу. Сынып сағаттарында елімізде шоғырланған әрбір ұлттың мәдени салты мен дәстүрлері, этнос халықтарының тарихы туралы айтылды. Сынып сағаттарында әртүрлі ұлт өкілдерінің қырғыз, өзбек, үнді, грузин, тәжік, орыс, украин т.б және өзіміздің ұлттық қазақ киімін киген оқушылар достық туралы өлең шумақтарын айтып, «Дос болайық бәріміз!», «Әрқашан күн сөнбесін!», «Ақ көгершін», «Қазақ елі осындай!» әндерін көтеріңкі көңілмен шырқады. Қамтылған оқушылар саны: 208.

https://www.instagram.com/p/C6bGpakCXR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: халқына адал қызмет ету.

03.05.2024ж. сағат 11.00 – де Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында мектебіміздің түлектерінің қатысуымен «Түлектердің ағаш егу» членджісі ұйымдастырылды. «Түлектердің ағаш егу» членджісі аясында мектебіміздің түлектері мектептің ауласына 20 (жиырма) түп ағаш көшеттері отырғызылды. Қамтылған оқушылар саны: 20.

https://www.instagram.com/p/C5sNLM3iU14/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C5sLF7kiOYa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C6nl19fAr4Y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану

«7 мамыр – Отан қорғаушылар күні», «Жеңіс деген шат күлкісі баланың», «9 мамыр – Жеңіс күні» аясында 1 – 11 сыныптарда тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. «Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы аясында «Біздің даңқты бабаларымыз», «Бақытым – Отаным», «Ұлы Жеңіс жасасын!», «Ел ертеңі – бүгінгі жас ұландар», «Ер – елінің қорғаны» тақырыптарында сынып

сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында «Ешкім де, ештеңе де ұмытылған жоқ» тақырыбында ардагерлердің өмірі мен ерлігі туралы деректі фильмдері көрсетілді. Сонымен бірге, мектебімізде «Отан қорғаушылар күні» және «Жеңіс күні» мерекесі қарсаңында «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы аясында 8-10 сынып оқушылары «Ауғаныстан асуында от кешкендер» тақырыбында ауылымыздағы ауған соғысының ардагері Жанан Сансызбай ағаймен және ардагер ұстаздар Төлжарасов Таңат ағай, Мейірманов Мейірман ағайлармен кездесу өткізілді. «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» күніне орай «Жігіт сұлтаны» ұлдар арасында байқау болып өтті. Байқауға 5-8 сынып оқушылары қатысып, бақ нысасты.

https://www.instagram.com/reel/C6553unAJTF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C7oOD02AGyp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу. 10 мамыр – «Игі істер» акциясы аясында «Өзін – өзі басқару» ұйымының оқушыларының ұйымдастырумен ардагер ұстаздарға, ауылымыздағы жалғыз басты қарттарға барып көмектер көрсетілді. Қамтылған оқушы саны – 35.

https://www.instagram.com/p/C5sLF7kiOYa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://www.instagram.com/reel/C5ntSy5i mc/>

Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу.

17 мамыр «Каникулда кітап оқиық» буккроссингі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектеп оқушылары мен мұғалімдердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру. "Кітап дегеніміз – қоғам. Жақсы кітап, жақсы қоғам тәрізді сезім мен санаңды нұрландырады, көркейтеді. Иә, адамның қандай екенін оқыған кітаптары арқылы да айтып беруге болады, өйткені, сенің оқыған кітабың - сенің өмірлік ойың. «Буккроссинг» қазақшаға аударғанда «Кітап сыйлау» немесе «кітаптың айналыста жүруі» деген мағынаны білдіреді. Мектепте оқушылары мен мұғалімдердің арасында кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Буккроссинг» көрмесі жасалып. 5-6-7 сынып оқушылары өз оқыған кітаптарымен бөлісіп, каникулда оқушыларды кітап оқуға шақырды. Оқушылар өздерінің қалаған кітаптарын алып келіп, орнына әкелген кітаптарын бір-бірімен алмасты.

5- сынып оқушысы Қанат Айбике өзі оқыған” он бес жасар капитан” атты кітабымен бөлісті. 7- сынып оқушылары Әмина Шоқан Уәлихановтың «Алтыншаһарға сапар», Серік Жұлдызай Джонатан Свифт «Гулливердің саяхаты», Шерхан Мұртазаның “Соғыстың соңғы жесірі” атты оқыған кітаптарымен бөлісіп, каникулда кітап оқуға кеңес берді. Қамтылған оқушы саны – 208.

https://www.instagram.com/reel/C5ZNAzoi59d/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CzI9KIAGUP8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/Cz4KucsiR1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2	Балабай Эльмира Балабайқызы	«Білім беру ұйымындарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» 40 сағат	Алматы қаласы 13.10.2023ж	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	40 сағат	Сертификат № 0032536

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы" 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13070 болып тіркелген) (бұдан әрі – №44 бұйрық) бекітілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 болып тіркелген) (бұдан әрі – 216 бұйрық) бекітілген оқулықтарға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы.

Мектеп - гимназия оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей, мектеп кітапханасы оқулықтармен, көркем-әдебиеттер, ғылыми әдебиеттермен электрондық оқулықтар, әдістемелік және дидактикалық материалдармен қамтылған. Кітапхана оқу залымен – 1 (68,1 кв.м.) 12 орын

Кітап қоры –6340, оның ішінде әдеби кітаптар – 980 (мемлекеттік тілде – 795)

б)

№	Қордың құрылымы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	Кітап қоры (Жалпы)	7063	6848	6340
1	Оқулықтар	5960	5730	5178
2	Көркем әдебиеттер	881	933	980
3	Әдістемелік	71	36	33
4	Электронды оқулықтар	151	149	149

7) *Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 7 сәуірдегі №141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15131 болып тіркелген) (бұдан әрі - №141 бұйрық) сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті республикалық мемлекеттік мекемесінің лицензиясы №14021665 17.02.2017жылы берілген.

Лицензиат: Алматы облысының мемлекеттік мекемесінің басқармасы «Балқаш Денсаулық сақтау басқармасы» аудандық орталық шаруашылық ауруханасы құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Медициналық қызметке және мамандық бойынша клиникалық практикаға жіберілген маман куәлігі 27.08.2027ж. мерзімге жарамды Тіркеу №KZ51VBM01867437 берілген күні 27.08.2022.

№ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды

тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға ғимараттарда (оқу корпустарында) арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп ғимаратының бірінші қабатында 161,6 м², 55 орындық асхана жұмыс істейді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе осы Кодексте белгіленген тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шарты негізінде ҚР ДСМ- 76 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелер сақталған.

«Қалалық тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасы» РММ 14 қазан 2014 ж. №174 санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымы бар. «Халық денсаулығы мен денсаулықты сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің негізінде санитариялық- эпидемиологиялық ұйғарымның күші бар. Мектепте тамақтануды ұйымдастыру санитарлық ережелермен реттеледі, сондықтан тамақтану принциптеріне сәйкес келеді.

2021-2022 оқу жылында 160 оқушы тегін ыстық тамаққа, 25 оқушы мектепшілік тарапынан құжаттарын толық өткізген . Оның ішінен 7 оқушы ата- анасының қамқорлығынсыз қалған, 7 оқушы жартылай жетім отбасынан, 99 отбасы көпбалалы отбасынан, 27 оқушы аз қамтылған отбасынан, 16 оқушы толық есем отбасынан, 6 жалғыз басты ана отбасынан, 17 қарашадан бастап мектепшілік тарапындағы 25 оқушымен бірге жалпы 185 бала ыстық тамақпен толық қамтылды.5 желтоқсаннан бастап бюджет есебінен жалпы 206 оқушы қамтылды.Оның ішінен 9 оқушы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған,7 оқушы жартылай детім отбасыдан,128 оқушы көпбалалы отбасыдан,25 оқушы аз қамтылған отбасынан,29 оқушы толық емес отбасынан,6 жалғыз басты ана отбасынан шыққан оқушылар ыстық тамақпен қамтылды.Бюджет есебінен 113 оқушы 1-4 сыныптар аралығында, 93 оқушы 5-11 сыныптар аралығында қамтылды. Асхананы жалға алушы есебінен 9 оқушы толық емес отбасынан,16 оқушы көпбалалы отбасынан,ыстық тамақ ішетін уақыттың кестесі бекітілген.

2022-2023 оқу жылында қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 217-ні құраса, оқу жыл соңына 190-ды құрады. Арендатор есебінен 30 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 97 болса, 5-11 сынып оқушыларының саны 93 құрайды. Әлеуметтік статусы бойынша толық емес 19 оқушы, жартылай жетім 9, жалғыз басты анамен 6, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 4, 1 тұл жетім, аз қамтылған 20 және 131 көпбалалы отбасынан шыққандар.

2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарының білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің

шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға білім беру ұйымдарында тамақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы және «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының негізінде, жалпы 1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік жағдайына байланысты 5-11 сынып оқушылары тізім бойынша ыстық тамақпен қамтылды. Көрсетілген бұйрық негізімен мектеп асханасынан 1051 оқушы ыстық тамақ ішеді. Оның ішінде 1-4 сынып бойынша 962 оқушы, 5-11 сынып бойынша 89 оқушы.

Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізімі	https://drive.google.com/drive/folders/1J68mT7nMGCmGHKgPkkRf rzCVxIhMZQ8d?usp=sharing
--	---

8) *Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе №ҚР ДСМ-76-бұйрыққа сәйкес бекітілген санитариялық ережелерге және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрықпен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26867 болып тіркелген) (бұдан әрі – №55 бұйрық) бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.*

Санитариялық қағидаларға сәйкес зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізілді. Жүргізілген өндірістік бақылау бойынша санитариялық-эпидемиологиялық №147 21.12.2015 жыл қорытынды берілді. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау Балқаш ауданы, Бірлік ауылы, Балқаш аудандық білім бөлімінің «Бірлік орта мектебі» мкм ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің 29 желтоқсан 2014 жылғы №179 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының 5 тармағы, 100 тармақшасы бойынша талапқа сай. Ғимарат Балқаш ауданы Бірлік ауылы Т.Рысқұлов №19 үйде орналасқан. Мектеп ғимаратты екі қабаттан тұрады, су құбыры орталықтандырылған жүйден мектеп ішіне кіргізілген, жылу жүйесі жергілікті сұйық отын арқылы, желдету жүйесі есік терез, ал жарықтану табиғи және жасанды. Орта мектептің жалпы көлемі 3209,3 кв/м лимит бойынша 39852 тонна жағармай бөлініп толығымен алынып тұрады.

Күнделікті орта есеппен 215 литр жағармай пайдаланады, жылу температурасы +18⁰ +20⁰С аралығында болды.

Жыл сайын Энергетикалық қазандарға / қазан жабдықтарына және ұсақ энергетикалық жабдықтарға және жүйелерге техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетіледі қызметтер мемлекеттік сатып алу шарты №40 2024-01-25

Шайындыларды микробиологиялық зерттеу хатамасы бойынша өлшеулер нәтижелерінде ішек таяқшалары тобының бактериясы байқалмады. Дезинфекциялық құралдар үлгілерінің зерттеу хаттамасы бойынша белсенді заттың құрамы талапқа сай жүргізілген өндірістік бақылау бойынша көрсетілетін қызметтер мемлекеттік сатып алу шарты №111 2024-03-04 мекемеге заласыздандыру қызметтері көрсетілді.

Санитарлық қызметтер (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және ұқсастар) бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт №111 күні 2024-03-04;

Зиянсыз қалдықтарды/ мүліктерді/ материалдарды шығару (жинау) қызметтері бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт №91 күні 2024-02-14;

Ғимарат желдету және ауабаптау жүйелері мен жабдықтаған. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі бар. Жыл сайын оған қызмет көрсетіледі.

Өрт сөндіру және өрт дабылы қондырғылары, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды хабарлау және басқару жүйелері, өртке қарсы сумен жабдықтау, өртке қарсы жабдық, өртке қарсы есіктер, клапандар мен люктер, ғимараттар мен құрылыстардағы үй-жайлар, адамдарды қорғау және құтқару құралдары талаптарға сәйкес және үнемі жарамды жұмыс күйінде. Кезекші персонал өзіне жүктелген функцияларға сәйкес ғимараттың барлық есік құлыптарының кілттері жиынтығы мен қамтамасыз етіген. Әрбір кілт оның қай құлыпқа тиесілі екендігі жазылған биркамен белгіленген.

Өрт дабылына техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер мемлекеттік сатып алу туралы шартты №88 2024-02-23

Ғимараттың шатырының ағаш құрылыстарын өртке қарсы сұйықтық пен өңдеу бойынша қызметтер мемлекеттік сатып алу туралы шарт №81 2024-02-21

Өрт сөндіргіштерге техникалық қызмет көрсету жасалды. ОП-5 Өрт сөндіргіш құралдарын толтыру бойынша қызметтер мемлекеттік сатып алу туралы шартты №81 2024-02-21

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министілігі Алматы облысы Балқаш ауданы бойынша төтенше жағдайлар

департаментінің қызметкерлері 2023 жылдың 27 ақпан- 09 наурыз аралығында 2024 жылдың 18 наурыз күнгі №2-04-24-00518 ұйғарым бойынша тексеріс жүргізілді. Тексерістің қортынды актісі 2024 жылдың 18 № наурызы. Аталған тексерістің қорытындысы бойынша кемшілікті жою ақпараттық хат 2024 жыл 20.03. №01-26-502

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 бұйрық) бекітілген нормаларына сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;

- № 348 бұйрыққа және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – 385 бұйрық) бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы;

- edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;

- № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;

- №385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы;

- № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы;

– ғимаратта № ҚР ДСМ-76-бұйрыққа сәйкес санитариялық нормаларға сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қолжұғыш раковиналар) болуы. Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2019 жылғы 23 қаңтардағы №32 және Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 бұйрықтарымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18239 болып тіркелген) бекітілген бірлескен бұйрыққа (бұдан әрі – №32 және №49 бұйрықтар) сәйкес білім беру ұйымдарының үй-

жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.

Нысан туралы жалпы ақпарат: 1973 жылы қолданысқа берілген, екі қабатты, типтік ғимарат. Санаты – әкімшілік ғимарат. Периметрі бойынша қоршауы бар.

Қызметінің бейіні: – жалпы білім беру саласындағы білім беру қызметі. Жұмыс тәртібі – 2 ауысым

Нысанның жалпы алаңы (шаршы метр). 3209,3 шаршы м. тұратын кеңістік – 15 312 ш.м.

Нысанның әрбір жеке ғимаратындағы және құрылысындағы үй-жайлардың саны (бірлік, шаршы метр).

1 қабат 30 үй-жайлар, көлемі 1586,2 шаршы м.

2 қабат 35 үй-жайлар, көлемі 1623,1 шаршы м.

Үй-жайлардың жалпы ауданы 3209,3 шаршы м.

Жобалық қуатылығы- 624

Нысанның әрбір ғимаратының есепті сыйымдылығы, оқушы саны:– 624 адам.

Нысанға келетін адамдардың орташа саны: – 489 адам, ең көбі: – 839 адам, ең азы: – 300 адам. Ғимараттың үй-жайлардың (сыныптар, оқу кабинеттері, технологияны және еңбекті зерделеу шеберханаларының, сондай-ақ бағыттар бойынша саралап оқытуға арналған мамандандырылған шеберханалардың) ауданы бір білім алушыға шаққанда нормасына сәйкес.

Оқу кабинеттері – 28

Шеберхана – 3

Компьютер сыныптары – 1

Арнайы кабинет - 2 (кабинет химия, ЛМК)

Акт зал – 80 орынға

Спорт зал – 1

Асхана – 60 орын

Кітапхана оқу залымен – 1 (68,1 кв.м.) 12 орын

Кітап қоры – 6340, оның ішінде әдеби кітаптар – 980 (мемлекеттік тілде – 795)

Медициналық кабинеттер: медбике кабинеті – 1,

Емшара кабинеті – 1.

Спорт залының жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және торлармен жабылған Терезелерде және жарықтандыру аспаптарында қоршау құрылғылары бар. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған.

Мектеп ғимаратына 2018 жылы күрделі жұмыстар жүргізілді.

Қолда бар компьютерлік жабдықтардың саны:

Компьютер- 47 (оның ішінде жұмыс жасайды -39, жұмыс жасамайды-9.)

Ноутбук - 117 (оның ішінде жұмыс жасайды -98, жұмыс жасамайды-19.)

Планшет – 11 (оның ішінде жұмыс жасайды -2, жұмыс жасамайды-9.)

Интерактивті тақта – 4.

Сабақтан тыс уақытта қосымша білім беру мақсатында компьютерлік техникаға арналған бөлмелер -жалпы – 3 (информатика кабинеті –1 сынып, ЛМК-1, химия кабинеті-1)

Осы сыныптағы оқушыларға арналған орындар саны-жалпы – 42 (информатика кабинеті – 12, ЛМК – 15, химия кабинеті – 15)

Мектеп интернет желісіне қосылған, жылдамдығы 100 Мбит/с құрайды.

Сым желілері бойынша кең жолақты Интернетке қол жеткізуді ұсынуға бағытталған қызметтер мемлекеттік сатып алу туралы шарт №63 күні 2024-02-09;

Мектепте edu.kz аймағындағы үшінші деңгейлі домендік атау бар:

<https://birlik.balqash.edugov.kz/>

Мектепте білім алушалар мен оқытушылардың кедергісіз білім алу мен білім беруді ұйымдастыруға құралдармен және жиһаздармен жабдықталған. Спорт, ойын жабдығы жарамды күйде.

Ғимарат орталықтандырылған ауыз сумен жабдықталған және пайдалануға жарамды. Сүзгі ауыз сумен қамтамасыз етілген .

Қол жуғыштар жалпы саны:13

Жалпы пайдалану орындарда- 3

Әжетханаларда-10

Дәретханалардың жағдайы туралы ақпарат -жалпы саны-11, оның ішінде: ұлдар-3, қыздар-8

Сыртқы дәретхана бар керек кезінде кезекшілікпен қолданады.Мектептің учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға апаратын жолдарға асфальт төселген.Мектепке мүгедектерге арналған пандус бар тактильді жол және мүгедектерге арналған тактильді белгі бар.

Ауаның температурасын бақылау үшін спорт зал, оқу үй-жайларында, медициналық пункт үй-жайларында термометрлер орнатылған.

Үй-жайларды табиғи және жасанды жарықтандыру мемлекеттік нормативтерге сәйкес. Жасанды жарықтандыру үшін, диодты, люминесцентті және энергия үнемдеуші шамдар орнатылған. Ортақ жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда бар.

Жыл сайын мектепте жазғы демалыста ағымдағы жөндеу жүргізіледі. Барлық үй-жайлар таза ұсталуда. Ас блогын және дәретханаларды күн сайын

дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып тазалайды. Дәретханаларда еден, есік тұтқалары, кранның құлақтары, раковиналар және унитаздар күн сайын дезинфекцияланады. Объектілерде дератизациялау және дезинсекциялау оқушылардың демалыс кезінде жүргізіледі.

Бейнебақылау жүйесін техникалық қызмет көрсету қызметтері көрсету қызметтері мемлекеттік сатып алу туралы шарт №88 2024-02-23

Жүйе қолжетімді бейнебақылау 23 бейнекамералар, оның ішінде: 6 сыртқы, 17 іште орналасқан. Аудандық ішкі істер бөліміне 23 камера қосылған. Бақылау мониторы кезекшілік поста орналасқан. Жүйе автоматтандырылған режимде жұмыс істейді. 6 сыртқы бақылау камерасы кіру/шығыстарды және оларға жақын орналасқан жерлерді бейнебақылауды қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік дабылына техникалық қызмет көрсету қызметтері мемлекеттік сатып алу туралы шарт №88 2024-02-23

Дабыл түймесі апта сайын бейсенбі күні аудандық ішкі істер бөліміне хабарласу арқылы тексеріледі. Дыбыстық дабыл жүйесінің консолі де вахтада орналасқан. Хабарлаушы әр блокта орналасқан. Басқару құрылғысы вахтада 1 данасы және мектеп басшысында 1 данасы орналасқан.

Төтенше жағдайды болдырмау үшін мектеп ғимаратында найзағайдан қорғау құрылғысының кедергісін өлшеу жұмыстары жүргізіліп тұрады. Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу шарты №118 2024-03-20. Сондай-ақ ғимараттағы сымдардың, кабельдердің жерге қосу құрылғыларының окшаулау кедергісін сынау және өлшеу бойынша қызметтер жүргізіледі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарты №117 2024-04-01

8. Мұғалімдердің біліктілік курстарынан өтуінің перспективалық жоспарын басшылыққа алады. Кәсіби мамандықты көтеру Талдықорған қаласындағы ПШО және Алматы қаласындағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында сонымен бірге «Адамның үйлесімді даму орталығы» және басқа да нысандарда жүзеге асады.

- 2021-2022 оқу жылында 19 мұғалім;

-2022-2023 оқу жылында 29 мұғалім біліктілікті арттыру курсынан өткен, сертификаттары бар.

-2023-2024 оқу жылының 35 мұғалім біліктілікті арттыру курсынан өткен, сертификаттары бар.

Осылайша, анықталғаны білім беру ұйымдарының тиісті бейіні бойынша педагог қызметкерлердің және басшы персоналдың біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет, кемінде 36 сағат бойы қамтамасыз етілгені, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-

тармағы орындалғаны анықталды. Білім беру ұйымдарының тиісті бейіні бойынша педагог қызметкерлердің және басшы персоналдың біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет, кемінде 36 сағат бойы қамтамасыз етілгені, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1- тармағы орындалғаны анықталды.

10) *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы" 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 570 бұйрық) бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ҰББД) сәйкестігі.*

Осы критерий бойынша жаңартылған деректер базалары бар, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі бар. Берген мәліметтер нақты, деректер НОБД базасы талаптарға сәйкес.

11) *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26513 болып тіркелген) (бұдан әрі–№6 бұйрық) бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).*

Мектептің оқу корпусында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін барлық жағдайлар жасалған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес пандус, контрастты бояумен боялған, шақыру қоңырауы қойылған.

3.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін оқу жүктемесінің шекті көлемінің критерийлері:

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған сабақ кестелері, жұмыс оқу жоспарлары жинақталған, электронды журналдар толтырылған, сағат сандары оқу жоспарына сәйкес келеді. Бағаланатын кезеңнің оқу жылдарында оқушылардың апталық инварианттық және вариативтік компоненттегі оқу жүктемелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымша 28-тармағы, 3-қосымша 3-тармақ 40-тармақ, 4-қосымша 30-тармақтарында

бекітілген максималды көлеміне сәйкес. Ағымдағы оқу жылында мектептің апталық жүктемелері.

Жалпы орта білім беру сыныптарында:

2021-2022 оқу жылында 1 сыныпта - 22,5 сағат, 2 сыныпта - 24 сағат, 3 сыныпта - 27 сағат, 4 сыныпта - 27 сағат, 5 сыныпта – 31 сағат, 6 сыныпта – 31 сағат, 7 сыныпта - 34 сағат, 8 сыныпта – 35 сағат, 9 сыныпта - 36 сағат, 10 «А», 10 «Ә» сыныпта - 37 сағат, 11 «А», 11 «Ә» сыныпта - 35 сағат болып бекітілген.

2022-2023 оқу жылында 1 сыныпта - 19,5 сағат, 2 сыныпта - 24 сағат, 3 сыныпта - 26 сағат, 4 сыныпта - 26 сағат, 5 сыныпта – 28,5 сағат, 6 сыныпта – 28,5 сағат, 7 сыныпта – 31,5 сағат, 8 сыныпта – 32,5 сағат, 9 сыныпта - 34 сағат, жаратылыстану-математика бағыты бойынша 10, 11 сыныпта - 34 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10, 11 сыныпта - 33 сағат болып бекітілген.

2023-2024 оқу жылында 1 сыныпта - 19,5 сағат, 2 сыныпта - 24 сағат, 3 сыныпта - 26 сағат, 4 сыныпта - 26 сағат, 5 сыныпта – 28,5 сағат, 6 сыныпта – 28,5 сағат, 7 сыныпта – 31,5 сағат, 8 сыныпта – 32,5 сағат, 9 сыныпта - 34 сағат, жаратылыстану-математика бағыты бойынша 10, 11 сыныпта - 35 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10, 11 сыныпта - 34 сағат болып бекітілген. Осылайша, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардан аспайды.

2) Инвариантты және вариативті (арнайы білім беру мекемесі үшін түзету компоненті) құрамдас бөліктер болып табылатын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

Жалпы орта мектептің бағаланатын кезеңнің оқу жылдарына арналған үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компонентінің орындалуын растайтын сабақ кестелері, жұмыс оқу жоспарлары жинақталған, электрондық журналдар толтырылған, апталық және жылдық оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарында белгіленген сыныптар бойынша сәйкес, талаптар сақталған. Апталық және жылдық оқу жүктемелері инвариантты және вариативтік компоненттер бойынша үлгілік оқу жоспарымен анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды. Бағаланатын кезеңнің оқу жылдарында білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу

жоспарына сәйкес мектептің жұмыс оқу жоспарларында, сонымен қатар сабақ кестелерінде, сынып журналдарында белгіленген.

3) Сыныптарды топтарға бөлу талаптарын сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың ерекшеліктерін ескеру.

Мектеп бойынша сыныптағы білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда сыныпты жекелеген пәндерден екі топқа бөлу жүзеге асырылған.

Атап айтсақ, бастауыш білім беру деңгейінде:

- 1) Орыс тілі қазақ сыныптарында;
- 2) Шетел тілі;
- 3) Цифрлық сауаттылық

Негізгі білім беру деңгейінде:

- 1) Орыс тілі қазақ сыныптарында;
- 2) Шетел тілі;
- 3) Көркем еңбек;
- 4) Информатика
- 5) Жалпы орта білім беру деңгейінде:

- 1) Орыс тілі қазақ сыныптарында;
- 2) Шетел тілі;
- 3) Информатика

4. Оқушылардың дайындық деңгейінің критерийлері:

1) ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)

Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқу курсы бойынша емтихан хаттамалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары («Білім-ал» немесе «Күнделік» АЖ-дан көшіріп алу).

2021-2022 оқу жылында негізгі орта мектепті бітірушілердің саны-26. Оның ішінде қорытынды емтиханға 25 оқушы жіберілді, 1 оқушы Адилханов Сайран «Алматы облысы білім басқармасы» мм-нің 20.05.2022 жылғы №685-н санды бұйрығы және мектепшілік 23.05.2022 жылғы №60 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттаудан босатылды.

9 сыныптар бойынша «Үздік аттестатпен» 6 оқушы аяқтады. Олар:

1. Ғабдол Нұрболат
2. Ершиман Диана
3. Ерназ Шалқар
4. Түгелбаева Ақзер

5. Тұрарбек Сүйінбай
6. Исабек Теміртас

9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2022 жылғы 28 мамыр - 6 маусым аралығы, 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - 2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым аралығында өтті.

9 (10) сынып білім алушылары үшін:

Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2022 жылғы 28 мамыр, математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2022 жылғы 31 мамыр, қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым, таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын тілі), информатика) бойынша жазбаша емтихан -2022 жылғы 6 маусымда болды.

11 (12) сынып білім алушылары үшін:

Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан -2022 жылғы 27 мамыр, қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2022 жылғы 30 мамыр, Қазақстан тарихынан ауызша емтихан -2022 жылғы 2 маусым, қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан -2022 жылғы 7 маусым, таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын тілі), информатика) бойынша жазбаша емтихан -2022 жылғы 10 маусымда өтті.

9- сыныптар бойынша оқушылардың емтихандағы таңдау пәндері төмендегідей болды:

№	Пәні	Сыныбы
1	Биология	9 «А»

9 - сыныптар бойынша оқушылардың мемлекеттік емтихан көрсеткіштері төмендегідей

Қазақ тілі

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	25	10	13	2	92

Орыс тілі мен әдебиеті

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	25	9	8	8	68

Алгебра

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	25	6	11	8	68

Таңдау пәндері бойынша

Таңдау пәні	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
Биология	25	9	8	8	84

11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау емтихан нәтижесі бойынша:

2021-2022 оқу жылында 11 сыныпты 15 оқушы аяқтады. Емтихан тапсырған оқушылар саны – 15. «Алтын белгі» белгісінің иегерлері – 1

1. Нұрлыхан Елжас

11-сыныптар бойынша емтихан нәтижелері төмендегідей:

Пәндері	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
Қазақ тілі мен әдебиеті (эссе)	15	9	5	1	93,3
Қазақстан тарихы (ауызша)	15	5	9	1	93,3
Алгебра (жазбаша)	15	1	12	2	86,6
Орыс тілі (жазбаша)	15	3	11	1	93,3
Химия (жазбаша) таңдау	6	1	5	-	100
Қазақ әдебиеті (жазбаша)	9	5	2	2	77,7

2022-2023 оқу жылында негізгі орта мектепті бітірушілер саны 34. Оның ішінде қорытынды емтиханға 32 оқушы жіберілді, 2 оқушы Самғатұлы Жарқын, Ермекұлы Наурызбай «Алматы облысы білім басқармасы» мм-нің

30.05.2023 жылғы №459-н бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттаудан босатылды.

9 сыныптар бойынша «Үздік аттестатпен» 6 оқушы аяқтады. Олар:

1. Ақжолқызы Жайна
2. Ералы Толқын
3. Жанат Елнұр
4. Жасасын Ахлашын
5. Жұлдызқызы Аружан
6. Қыдыргелді Жан

9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2 - 13 маусым аралығы, 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 5-19 маусым аралығында өтті.

9 (10) сынып білім алушылары үшін:

Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2023 жылғы 2 маусым, математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2023 жылғы 6 маусым, қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым, таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын тілі), информатика) бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 13 маусымда болды.

9 - сыныптар бойынша оқушылардың мемлекеттік емтихан көрсеткіштері төмендегідей

Қазақ тілі мен әдебиеті

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	15	7	8	-	100
9 «Ә»	17	8	7	2	88,2

Орыс тілі мен әдебиеті

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	15	6	8	1	93,3
9 «Ә»	17	6	9	2	88,2

Алгебра

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	15	5	5	5	66,6
9 «Ә»	17	10	2	5	70,5

Таңдау пәндері бойынша

Сыныбы	Таңдау пәні	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
			5	4	3	
9 «А»	Қазақстан тарихы	15	7	4	4	73,3
9 «Ә»	Қазақстан тарихы	17	7	3	7	58,8

11 (12) сынып білім алушылары үшін:

Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2023 жылғы 5 маусым. Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан - 2023 жылғы 8 маусым, Қазақстан тарихынан ауызша емтихан -2023 жылғы 12 маусым, Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан -2023 жылғы 15 маусым, таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын тілі), информатика) бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 19 маусымда өтті.

Жалпы орта мектепті бітірушілер саны-22. Оның ішінде:

«Алтын белгі» белгісі иегерлері – 2

1. Мейрам Аружан
2. Ералы Мөлдір

«Үздік аттестат» иегерлері-3

1. Ақжолқызы Айзат
2. Жұлдызқызы Аяжан
3. Тәңірберген Жібек

11-сыныптар бойынша емтихан нәтижелері төмендегідей:

Қазақ тілі

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	11	5	4	2	81,8
11 «Ә»	11	6	5	-	100

Алгебра

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	11	3	5	3	72,7
11 «Ә»	11	4	3	4	63,6

Қазақстан тарихы

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	11	5	3	3	72,7
11 «Ә»	11	4	4	3	72,7

Орыс тілі

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	11	4	4	3	72,7
11 «Ә»	11	5	4	2	81,8

Дүниежүзі тарихы

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «Ә»	11	5	2	4	63,6

Биология

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	11	4	4	3	63,6

2023-2024 оқу жылында негізгі орта мектепті бітірушілер саны 40. Оның ішінде қорытынды емтиханға 40 оқушы жіберілді.

9 сыныптар бойынша «Үздік аттестатпен» 4 оқушы аяқтады. Олар:

1. Жансейіт Жібек
2. Серікқызы Мейірім
3. Ғайниұлы Мадияр
4. Мейрамбекұлы Рамазан

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі

мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

9 - сыныптар бойынша оқушылардың мемлекеттік емтихан көрсеткіштері төмендегідей:

Қазақ тілі

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	21	9	5	7	66,6
9 «Ә»	19	3	12	4	78,9

Орыс тілі мен әдебиеті

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	21	10	6	5	76,1
9 «Ә»	19	2	12	5	73,6

Алгебра

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	21	4	10	7	66,6
9 «Ә»	19	2	13	4	78,9

Таңдау пәндері бойынша

Биология

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
9 «А»	21	5	11	5	
9 «Ә»	19	4	9	6	

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

11 (12) сынып білім алушылары үшін:

Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2023 жылғы 5 маусым. Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан - 2023 жылғы 8 маусым, Қазақстан тарихынан ауызша емтихан -2023 жылғы 12 маусым, Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан -2023 жылғы 15 маусым, таңдау пәні (физика, химия,

биология, география, геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын тілі), информатика) бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 19 маусымда өтті.

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;
- 4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

Жалпы орта мектепті бітірушілер саны-18

«Алтын белгі» белгісі иегерлері – 2

1. Ершиман Диана
2. Тугелбаева Ақзер

«Үздік аттестат» иегерлері-3

1. Ерназ Шалқар

11-сыныптар бойынша емтихан нәтижелері төмендегідей:

Қазақ тілі

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	7	3	1	2	57,1
11 «Ә»	11	5	4	2	81,8

Орыс тілі мен әдебиеті

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	7	3	4	0	100
11 «Ә»	11	5	4	2	81,8

Алгебра

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	

11 «А»	7	2	5	0	100
11 «Ә»	11	2	4	5	54,5

Қазақстан тарихы

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	7	3	1	3	57,1
11 «Ә»	11	5	0	6	45,4

Таңдау пәндері бойынша

География

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «А»	7	2	1	1	42,8
11 «Ә»	11	5	2	4	63,6

Таңдау пәндері бойынша

Биология

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалар			Сапасы %
		5	4	3	
11 «Ә»	11	2	1	-	27,2

Қорытынды аттестаттау емтихан хаттамалары	https://drive.google.com/drive/u/2/folders/13aoRIOK-NRmaVbj_-2qTx9snSLm0AII7
---	---

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары «Күнделік» АЖ-дан жүктеу).

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасы көрсетілген. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары

камтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілген.

3) Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау. (дамудың және әлеуметтік бейімделудің бұзылуын түзету).

Бағаланатын кезеңге талдауға арналған құжаттар: жеке оқу жоспарлары мен оқу жоспарлары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары («Білім-ал» немесе «Күнделік» АЖ-дан жүктеп алу).

2021-2022 оқу жылында денсаулығына байланысты ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар болмауы себепті инклюзия сыныбы болмады.

2022 - 2023 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап, төменде көрсетілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар болуына байланысты 1 «Ә», 2 «А» сыныптары инклюзив сыныбы болып есептелді.

4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: Әдістемелік ұсынымдарға 13-қосымшаға сәйкес толтырылған кестелерді қоса алғанда, 4, 9-сынып оқушыларының білім, білік және дағдыларының сапасын бағалау нәтижелері.

2024 жылғы 3 сәуірде білім беру ұйымдарының аттестациядан өту кестесіне сәйкес 4,9 сыныптардың тестілеуі барысында 9 «Ә» сыныбынан анықталған кемшіліктер бойынша академиялық адалдық принциптері сақталмағаны үшін акт жасалынып, 9 сыныптардың тестілеу нәтижесі жойылды. (дәлелді құжаттар ұсынылды)

Сынып	Оқушылардың жалпы саны	Қатысты	Қабыл дағандардың үлесі	Бағалар саны "2"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "5"	Оң нәтиже үлесі
4	33	33	87,8	4	18	10	1	

5. Оқу мерзімінің критерийлері:

1) Тиісті деңгейлердің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік және тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары («Білім-ал» немесе «Күнделік» АЖ-дан жүктеп алу).

Педагогикалық кеңес хаттамасындағы сыныптан-сыныпқа көшірілген оқушылар туралы мәліметтер бар. Мектепте мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жылды құрайды. Оқу жылының ұзақтығы оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының № 3- қосымшасына сәйкес мектептегі негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі 5-9-сынып аралығында–бес жылды құрады. Оқу жылының ұзақтығы 1 қыркүйекте басталып, 31 мамырға дейін созылып, 36 оқу аптасын құраған.

2) Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптардың сақталуы.

Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары «Күнделік» АЖ-дан жүктеу).

Мектепте мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жылының ұзақтығы:

2021-2022 оқу жылы 1-сыныптар бойынша 33 апта, 2-11 сыныптарда 34 аптаны құрады.

2022-2023 оқу жылында 1-сыныпта-35 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 36 оқу аптасын құраған. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты берілген.

2023-2024 оқу жылында 1-сыныптар бойынша 33 апта, 2-11 сыныптарда 34 аптаны құрады.

Оқу жылдары бойынша білім беру ұйымымен ұсынылған педагогикалық кеңес хаттамасының, мектеп директорының бұйрығының көшірмелерінде, сынып журналдарында оқу жылының және каникул уақытының мерзімдері көрсетілген.